

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Әнуаров Абылайхан Бауыржанұлы**

**БЮДЖЕТТІК МОНИТОРИНГТІ КҮШЕЙТУ МЕН БЮДЖЕТТІҢ  
ӨТІМДІЛІГІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІ ҮШІН ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫ  
ЖАҢҒЫРТУ**

«7М041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«Экономика» білім беру бағдарламасы

Экономика магистрі дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ Бектурова А.Т., з.ғ.м.  
(қолы)

Жоба қорғауға жіберілді: « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

Басқару институтының директоры: \_\_\_\_\_ Турчекенова Р.А., э.ғ.к., доцент  
(қолы)

**Нұр-Сұлтан, 2021**

## Мазмұны

Нормативтік сілтемелер .....	3
Белгілер мен қысқартулар .....	4
Кіріспе.....	5
Әдебиеттерге шолу.....	10
Зерттеу әдістері.....	21
Зерттеу нәтижелері және талдау.....	23
Қорытынды.....	36
Пайдаланылған дереккөздер тізімі.....	39
Қосымша А.....	42
Аналитикалық жазбахат	

## **Нормативтік сілтемелер**

ҚР Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі

Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібі ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидалары

## **Белгілер мен қысқартулар**

БҚШ	– Бірыңғай қазынашылық шот
ҚБШ	– Қолма-қол бақылау шоты
ҰБ	– Ұлттық Банк
ҰҚ	– Ұлттық қор
ЖІӨ	– Жалпы Ішкі Өнім
АҚШ	– Америка Құрама Штатта
ЕДБ	– Екінші деңгейлі банк
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган
РЕМРАЛ	– Мемлекеттік қаржыны басқаруда өзара оқыту және тәжірибе алмасу
ММ	– Мемлекеттік мекеме
РЕПО	– (ағылшын тілінен. repurchase agreement, repo) сатып алу
КСС	– Квазимемлекеттік сектор субъектілері
Долл	– Доллар

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының аясында «бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру» басты міндет деп атады [1]. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 15 шілдесінде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында бюджет қаражатының тиімділігі мен өнімділігі бірінші орынға қойылуы керектігін атап өтті [2]. Дүниежүзілік банктің ұсынысы бойынша мемлекеттік қаржыны басқарудың перспективалық бағыттарының бірі ақша қаражаттарын басқару, яғни мемлекеттік бюджеттің өтімділігін тиімді басқару әрі қадағалау болып табылады. Бюджеттің өтімділігі - тиісті бюджеттік мемлекеттік органдарды қаржыландыру жоспарларында көзделген төлемдердің уақтылы және толық төленуін қамтамасыз ету мүмкіндігі.

Кез келген елдің мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару жүйесінде іс жүзінде бюджеттік реттеудің қандай да бір моделін іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымға өте маңызды рөл беріледі. Оның негізгі міндеттері шеңберіне, ең алдымен, бюджет процесін жоспарлау және болжау, бюджетаралық қатынастардың ұтымды құрылымын қалыптастыру, бюджет қаражатымен операцияларды жүзеге асыру, олардың мақсатты жұмсалуды бақылау, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыру, мемлекеттік қаржының барлық түрлерін шоғырландыру және есепке алу және тағы да басқа кіреді. Қазақстан Республикасында Қазынашылықтың Бас басқармасы 1994 жылдың қаңтарында Қаржы министрлігінің жанынан құрылған. Ол бюджетті атқару жөніндегі орган, және де оған бухгалтерлік есеп бойынша бюджеттік басқару қызметтері, сонымен қоса бюджеттік мекемелер мен қаржы жүйесіндегі бухгалтерлік есеп әдіснамасы берілген.

Мемлекетімізде бюджеттік реформаларды атқару Қазынашылықтың қолданыстағы ақпараттық жүйесін жаңғыртудың қажеттілігін тудырды. ORACLE бағдарламалық жасақтамасының негізінде жаңа қазынашылық жүйе жасалды. Жүйе мынадай функционалдық модульдерді қамтиды: бас кітап,

бюджетке түсетін түсімдерді басқару, қазынашылық және де қаржылық рұқсаттар беру, қолма-қол ақшаны басқару, міндеттемелерді және төлемдерді басқару және бақылау, қазынашылық және төлем жүйелері арасындағы интерфейсті байланыс. Сонымен қоса, мемлекеттік борышты және де мемлекет кепілдік берген борышты кредиттеуді есепке алуды қамтиды. Халықаралық практикада мемлекеттік Қазынашылықтың қандай да бір "үлгілі" моделі жоқ. Сондықтан мемлекеттік басқару органы ретінде қазынашылық туралы емес, қазынашылық функциялары – мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару функциялары туралы айту дұрысырақ [3].

1996 жылы Ұлттық Банкте және ұлттық валютада ашылған. Және де негізгі мақсаты – бюджеттік мониторинг және өтімділікті басқару болып табылады (1 – кесте). Бюджеттің атқарылуының негізгі принципі кассаның бірлігі қағидаты болып табылады. Осы қағидатты сақтау бюджет жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз ету, уақыт бойынша да, аумақтар бойынша да бюджетке түсетін табыстардың біркелкі еместігін болдырмау үшін қажет. Осылайша, күн сайын бюджеттің жай-күйі бақыланып отырады: кірістер, шығыстар, облыстар бойынша және тұтастай республика бойынша ақша қаражатының қалдығы.

#### 1-кесте. – Қазынашылықтағы маңызды реформалар

	<b>Құрылған сәттен бастап Қазынашылық операциялардағы елеулі өзгерістер</b>	<b>Осы өзгерістердің негізгі мақсаттары</b>
1	Бірыңғай қазынашылық шот ашу	Бюджеттік мониторинг, өтімділікті басқару
2	Қазынашылық органдарында шарттарды міндетті тіркеу	Кредиторлық берешекті жою
3	Қазынашылықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (ҚБАЖ) енгізу	Барлық деңгейдегі бюджеттердің атқарылуына қазынашылық бақылауды жақсарту, нақты уақыт режимінде операциялар жүргізу, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы және шоттардың бірыңғай жоспарын қолдану.
4	Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне шоттар ашу	Бюджеттік инвестициялық жобаларды және мемлекеттік тапсырманы іске асыру үшін бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау
5	“Қазынашылық-Клиент” ақпараттық жүйесін енгізу	Төлеуге берілетін шоттарды және азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімдерді өңдеу уақытын қысқарту
6	Республикалық және жергілікті бюджеттер деңгейінде есептеу әдісі бойынша қаржылық есептілікті	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік секторының активтері мен міндеттемелері бойынша ақпарат алу

	шоғырландыру	
	Oracle Applications R12 бағдарламалық жасақтамасының жаңа нұсқасына көшу	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің басқа кіші жүйелерімен және министрліктер мен ведомстволардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау мүмкіндігі (е-үкімет, е-минфин, е-мемлекеттік сатып алу және т. б.)

Ескерту – Кесте автормен дереккөз негізінде құрастырылған [4]

Еліміздің қазынашылығында барлық бюджеттік кірістерді есепке алуды және барлық шығыстарды бірыңғай шоттан жүзеге асыру үшін, маңызды реформалардың бірі болып бірыңғай қазынашылық шоты ашылған. Ол шот қазынашылықтың бірыңғай шотының өтімділігін басқаруды жетілдіру мәселелеріне арналған, бұл зерттеу ерекше практикалық қызығушылық тудырады. Жұмыста өтімділікті басқару тетіктерінің дамуын тежейтін проблемалар анықталды, БҚШ өтімділік белгілерінің жіктелуі және кассалық түсімдер мен төлемдерді ескере отырып өтімділікті анықтау нұсқалары ұсынылды, Бірыңғай қазынашылық шоттың өтімділігін басқарудың жаңа құралдарын одан әрі дамыту және енгізу бойынша ұсынымдар берілді.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Еліміздегі Мемлекеттік қаржы жүйесінің трансформациясы мемлекеттік қаржы ресурстарын жұмылдыру мен бөлудегі маневрлік және икемділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұйымдық құрылымдарды қалыптастыру процесін қамтиды. Мұндай ұйымдық құрылым бюджетті атқарудың қазынашылық жүйесі болып табылады. Бюджеттің қазынашылық атқарылуы Мемлекеттік ақша қаражатының пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға, барлық деңгейдегі бюджеттерге салық кірістерін жұмылдыруды кассалық атқарудың тетігін іске қосуға мүмкіндік береді.

Қазынашылық еліміздің Қаржы министрлігінің қызметі бола отырып, оған жүктелген бюджеттік өкілеттіктерге сәйкес бюджеттің кассалық атқарылуын ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ елдің бюджеттерінің атқарылуына кассалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша құқық қолдану функцияларын жүзеге асырады. Мемлекетімізде қазынашылық органдарының практикалық қызметі алдын ала бақылаудың арқасында қазынашылық органдары бюджет қаражатымен, сондай-ақ бюджет қаражатын алушылар және бөлушілермен операцияларды уақтылы жүргізуді қамтамасыз ететінін дәлелдеді. Бірыңғай қазынашылық шоттың өтімділік көрсеткіштері елімізде қаржы саласында заманауи тұрғыда әлі де толық зерттелмеген. Сондай-ақ, оның тетігін жетілдіру, оның ішінде БҚШ еркін қалдықтарын басқаруға қатысты тиімді пайдалану қажеттігі осы тақырыпты зерттеудің өзектілігін арттырады.

Қалыптасқан экономикалық жағдайларда шотты өтімділікті басқару тетіктерінің дамуын тежейтін себептерге мыналарды жатқызуға болады:

- қазынашылық органдарында өтімділікті анықтауға тәсілдің болмауы;
- осы мәселе бойынша нормативтік құжаттардың жетілдірілмеуі;
- бюджеттің өтімділігін бағалау критерийлерін әзірлеу қажеттілігі.

**Зерттеудің пәні болып** - мемлекеттік бюджет шығыстарын қазынашылық қамтамасыз ету, бюджеттің атқарылуы және бюджеттің өтімділігі табылады. Қазақстан Республикасы бюджет жүйесіне сәйкес, кірістер мен шығыстардың тиімсіздігі бюджеттік тәуекелдердің пайда болуына алып барады. Экономика типтерін және олардың негізгі компоненттерін, оның ішінде бюджеттік өтімділікті басқару және осыған сәйкес мақсаттар үшін қолданылатын мемлекеттік қаржы ағындарының қозғалысын басқару және бақылау құралын ескере отырып, қазынашылық жүйелердің үлгісін қалыптастыру детерминанттары қарастырылады. Бірінші үлгі – бірыңғай қазынашылық шот.

**Зерттеу объектісі** болып ҚР бюджеттерін орындауға қасалық қызмет көрсету міндеттерін шешу үшін заңды түрде уәкілетті бірыңғай институционалдық субъект ретінде Қазынашылық комитеті болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты** - республикалық бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқару нәтижелерін жан-жақты зерттеу және Қазақстан Республикасы қазынашылығының бірыңғай қазынашылық шотының өтімділігін басқарудан күтілетін бюджетке қосымша кірістер тұрғысынан Қазақстанның қазынашылық жүйесіндегі үлгісінің тиімділігін көрсету.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- бюджеттерді атқарудың қазынашылық жүйесінің қалыптасуын талдау негізінде қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің бюджеттерді атқаруының қазіргі жай-күйі мен ерекшеліктерін ашу.
- бюджетті атқару бойынша Қазынашылық жұмысының тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығын ұсыну.
- бюджеттің өтімділігін басқару жөнінде ақпараттар зерделеу;
- "Бюджеттің өтімділігі" ұғымдарының мазмұнын ашу және тұжырымдау;
- Қазынашылықтың өтімділігін басқарудың әдістері мен ұйымдық-функционалдық модельдерін айқындау.

**Зерттеу әдісі.** Зерттеу диалектикалық зерттеу әдісіне негізделген. Жүйелік, деректерді статистикалық өңдеу қолданылды. Статистикалық деректерді өңдеу, талдау және болжамдау.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасы** отандық және шетелдік экономисттердің экономикалық талдаудың бюджетаралық қатынастар жөнінде, бюджеттің мемлекеттік қаржы теориясы саласындағы еңбектері болады. Зерттеудің ақпараттық базасы ҚР Қаржы министрлігінің, Қазынашылық комитетінің, қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің, Бюджет кодексінің материалдары, талдамалы анықтамалары болып табылады.

**Зерттеу гипотезасы.** Бюджеттік өтімділікті, бірыңғай қазынашылық шоттағы еркін қалдықтардың қолдану аясын кеңейту, бюджеттік басқарудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінде жаңа дизайнды қалыптастыру еліміздің Қазынашылығы қолданатын қаржы құралдарының шеңберін кеңейткен жағдайда тиімділігін



арттырады. Өтімділікті басқару тетігін енгізу, сайып келгенде, мемлекеттік қаражатты үнемдеу және бюджетті атқару процесінде басқару шығындарын азайтуға алып келеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша «Механизмы казначейства для повышения эффективности государственных расходов в Республике Казахстан» орыс тілінде 1 ғылыми мақала Kazakhstan Innovations журналында жарияланды.

### Әдебиеттерге шолу

Мемлекеттік қаржы жүйесіндегі өтімділікті және тиімділікті басқару тетіктерін жақсартуға байланысты мәселелерді қарау кезінде ұзақ уақыт бойы мемлекеттік бюджет саясатын оңтайландыру бойынша тиімді шешімдер әзірленген нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін қолдану көзделген. Мұндағы мақсат - Үкімет уақытша талап етпейтін бюджеттік қаражатты экономикаға жұмыс жасау үшін, БҚШ уақытша бос ақша қаражаттарын банктерге орналастыру нарықтық өтімділікті сақтау үшін өте пайдалы және қажетті құрал бола алады дейді [5].

С.Е.Прокофьев, В.Н.Саранцев, "Федералдық қазынашылықтың бірыңғай қазынашылық шоты: жағдайы мен болашағы" еңбегінде: Бірыңғай қазынашылық шоттың жай-күйі мен перспективалары атты ғылыми мақаласында БҚШ пайдалану қазынашылық технологияларды дамытудың маңызды міндетін шешу тетіктерін көрсеткен. Өтімділік - күрделі түсінік оны бір көрсеткіштен анықтау мүмкін емес. Осы мақсаттар үшін жедел, ағымдағы, ұзақ мерзімді өтімділік көрсеткіштерін қолданады. Өйткені олар өтімділіктің экономикалық мәніне негізделген, қолма-қол ақша түсімі және шығарылу мерзімдеріне байланысты активтер мен міндеттемелер арасындағы тепе-теңдікті талап етеді. БҚШ жұмыс істеу тиімділігіне әсер ететін маңызды элемент бюджет қаражатының айналымдылығын арттыру екендігін атап өткен [6].

Бірыңғай Қазынашылық шот жұмысының ең маңызды көрсеткіші оның өтімділігі болып табылады. БҚШ өтімділігі - белгілі бір уақыт кезеңінде мемлекеттік басқару секторын уақытылы төлеуді жүргізу қабілеті.

Мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларының жұмыс істеуі үшін басым шарт белгілі бір уақытта ақша қаражатын төлеу қажеттілігін айқындау үшін қажетті мемлекеттік басқару секторы міндеттемелерінің мониторингі болып табылады. Бұл ретте ақшалай қаражаттың нақты қозғалысын ескеру қажет, бұл кассалық алшақтықтарды және тиісінше бюджеттің атқарылуының бұзылуын анықтауға және болдырмауға мүмкіндік береді. Бағытты іске асыру федералды бюджеттің БҚШ-на қаражат қалдығының артуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта экономикалық тиімділікке, бюджеттік мекемелердің шоттары бойынша талап етілмеген

қаражат қалдықтарын, сондай-ақ уақытша билікке алынған қаражатты бюджеттің БҚШ-на орталықтандыру есебінен қол жеткізіледі [7].

Е.Тандберг пікірі бойынша қоғамдық қаржыны басқару жүйесін реформалау қалыптасқан практикадан кетуді талап ететініне қарамастан, елде бар жағдайларды ескермеуге болмайды. Сонымен қатар, олар мемлекеттік басқарудың тиімді жүйелерін, оның ішінде қоғамдық қаржы ағындарының қозғалысын басқару жүйелерін қалыптастыруды шектеуші бола алады [8, 9]. Тұтастай алғанда, кез келген елдің қазынашылық жүйесі мынадай түйінді құрамдас бөліктерді қамтуы мүмкін: 1) Қаржылық жоспарлау; 2) Бюджеттік шығарылымдар; 3) міндеттемелерді бақылау; 4) Бюджеттік өтімділікті және активтерді басқару; 5) борышты басқару; 6) кірістерді басқару; 7) төлемді бақылау; 8) есеп; 9) бюджеттік есептілік; 10) Ақпараттық жүйелер; 11) Ішкі аудит; 12) құқықтық және институционалдық шеңберлер; 13) қолдаушы құрылым. Әлем елдерінің қазынашылық жүйелерінің функционалды дизайны көбінесе олардың экономикасының түрімен анықталады (2-кесте).

2-кесте. – Экономикасы әртүрлі елдер үшін қазынашылық жүйелерінің озық тәжірибелері

Функциялары	Дамушы экономикалар	Өтпелі қалыптасатын экономикалар	Алдыңғы қатарлы экономикалар
Қаржылық жоспарлау	Толық қаржылық жоспарлар	Толық қаржылық жоспарлар	Біріктірілген қаржылық жоспарлар
Бюджеттік шығарылымдар	Ай сайын	Ай сайын және тоқсан сайын	Тоқсан сайын және жыл сайын
Міндеттемелерді бақылау	Берешек проблемасы бар міндеттемелерді есепке алу	Барлық міндеттемелерді есепке алу	Міндеттемелерді орталықтандырылған бақылаудың болмауы
Өтімділікті басқару	Бірыңғай қазынашылық шот. Активтерді басқаруды қазынашылық жүзеге асырады	Бірыңғай қазынашылық шот. Активтерді басқаруды қазынашылық немесе орталық банк жүзеге асырады	Бірыңғай қазынашылық шот. Біріктірілген активтер / жауапты басқару
Қарызды басқару	Қазынашылық жүзеге асырады	Қазынашылық жүзеге асырады	Біріктірілген активтер / жауапты басқару
Табыс жинау	Қазынашылықтың банктік шоты арқылы	Қазынашылықтың нөлденетін баланстық шоттары арқылы	Банк жүйесі арқылы тікелей Бірыңғай қазынашылық шотқа
Төлемдерді өңдеу	Қазынашылықтың уәкілетті бөлімшелері жүзеге асырады	Уәкілетті қазынашылық бөлімшелері немесе салалық	Өкілеттіктердің жиынтық шектері

		министрліктер жүзеге асырады	
--	--	---------------------------------	--

Ескерту – Кесте автормен дереккөз негізінде құрастырылған [8]

Бюджетті атқару процесінде БҚШ-да ақша қаражаты қалдықтарының ауытқуын тегістеу БҚШ шоттарынан оның төлем қабілеттілігі үшін қиын ірі сомаларды бірмезгілдік есептен шығаруды азайтуды көздейді. Егер төлемдер бойынша есеп айырысулар бір жария-құқықтық білім шегінде жүзеге асырылған жағдайда, мысалы, бюджеттік мекемелерге субсидиялар беру кезінде көрсетілген проблема мемлекеттік басқару секторының еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізу көмегімен шешіледі, оның барысында федералдық бюджет шотынан қалдықтарды ғана емес, сондай-ақ бюджеттік мекемелердің шоттарынан қалдықтарды ағымдағы міндеттемелерді қаржыландыруға бағыттайды. Бұл ең жақсы бюджеттік тәжірибеге сәйкес келеді [9]. Өзге жағдайларда, мысалы, бюджетаралық трансферттерді беру кезінде БҚШ өтімділігін қамтамасыз етудің тиімді нұсқасы төлем фактісі бойынша кассалық шығыстарды жүргізу үшін қажетті ақша қаражатын ұсыну болып табылады. Қазіргі уақытта бюджетаралық қатынастар барысында туындайтын операцияларды жүзеге асыру үшін аталған тетікті енгізу болжанып отыр. Жаңалықтардың мәні төмен тұрған бюджет деңгейінде туындаған міндеттемеге ақы төлеу қажеттілігіне қарай жоғары тұрған деңгейдегі бюджеттен қаржылық көмек беру болып табылады. Қаржылық көмек берудің жаңа тетігін енгізу жоғары тұрған бюджеттердің шоттарынан бюджет үшін қиын сомаларды бірмезгілдік есептен шығаруды болдырмауға, төмен тұрған бюджеттер деңгейінде талап етілмеген сомалар қалдықтарын болдырмауға (азайтуға) мүмкіндік береді. Яғни, осындай тетікті еліміздегі бюджет жүйесі бюджеттерінің барлық деңгейінде қолдану қажет.

БҚШ өтімділігін басқару бағыттарын талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді.

1. Экономикалық нәтиже өтімділікті басқару процесінен бірыңғай шотта пайдаланылмаған қаражат қалдықтарының сандық көрсеткіштеріне және олардың сұранысқа тікелей байланысты: БҚШ шоты бойынша талап етілмеген қалдық жоғары болған сайын, соғұрлым өтімділікті басқару мүмкіндіктері көп.

2. Өтімділікті басқару БҚШ-ға қатысты екі маңызды міндеттерді шешеді:

2.1. Бюджетті атқарудың сапалық сипаттамаларын жақсарту мақсатында БҚШ қаражатының қалдығын ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды өткізу.

2.2. Нарықта БҚШ-да қаражаттың пайдаланылмаған және талап етілмеген қалдықтарын орналастыру немесе бюджеттік кредиттер беру есебінен қосымша кіріс алу. Бұл жағдайда БҚШ-ға қосымша түсімдер (салымдар немесе кредиттер бойынша пайыздарды төлеу) алдын ала салымдарды (БҚШ-дан есептен шығару), яғни шоттағы қалдықты азайтуды талап етеді.

Бірыңғай қазынашылық шоттың өтімділік көрсеткіштері қазіргі ғылыми әдебиетте жеткілікті зерттелмеген. Сонымен қатар, БҚШ тетігін жетілдіру,

оның ішінде БҚШ еркін қалдықтарын басқаруға қатысты нарықтық операцияларды қолдану осы бағытты зерттеудің өзектілігін арттырады.

Автор С. Е. Прокофьевтің, В. Н. Саранцевтің "БҚШ өтімділігі күрделі ұғым болып табылады, оны бір көрсеткіштің көмегімен анықтау мүмкін емес деген [10]. Демек, оны бағалау үшін динамикада зерттелетін коэффициенттер жүйесі қолданылуы тиіс". Өтімділік коэффициенттері нақты уақытша кезең ішінде БҚШ-ға қаражаттың қаншалықты теңдестірілгендігін, кассалық түсімдердің құрылымы мен көлемі және қысқа мерзімді, ағымдағы және ұзақ мерзімді перспективаға шығулар сауатты жоспарланғанын көрсетуі, сондай-ақ БҚШ өтімділігін басқару тетіктерін енгізуден туындаған ықтимал теріс экономикалық салдарларды азайтуға ықпал етуі тиіс.

БҚШ өтімділік коэффициенттері төлемдерді жүзеге асыру үшін БҚШ-ға қаражаттың жеткіліктілігін айқындауға тиіс, өйткені шоттағы өтімділік белгілі бір уақыт кезеңінде мемлекеттік басқару секторын уақтылы төлеуді жүргізу қабілетін сипаттайды. БҚШ өтімділігінің қанағаттанғысыз жай-күйі мәні кассалық төлемдерді жүргізу үшін қаражаттың жетіспеушілігін куәландыратын коэффициент сипаттайды. Сонымен бірге БҚШ-дағы қаражаттың шамадан тыс қалдығы дивидендтерді алу мақсатында оны, мысалы, нарықта орналастыру мүмкіндігі туралы куәландырады [11].

Мемлекеттік басқару секторының БҚШ өтімділік коэффициенттерін есептеу кезінде мынадай ерекшеліктерге назар аудару қажет:

1. БҚШ өтімділік көрсеткіштерін есептеу мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операциялары бойынша көрсеткіштерді ескеруге тиіс.

2. Мемлекеттік басқару секторының еркін қалдықтарымен таргеттеудің жекелеген операциялары бюджет болып табылмайтын мемлекеттік басқару секторының БҚШ-дан қаражатты бөлуге ықпал ететініне байланысты БҚШ өтімділік коэффициенттерін бюджеттердің БҚШ үшін де, сондай-ақ мемлекеттік басқару секторының басқа БҚШ үшін де есептеу қажет.

3. БҚШ өтімділігін есептеу үшін ақпарат көзі БҚШ-ға қаражат қозғалысы бойынша нақты және болжамды деректер болуы тиіс. Нақты деректер ретінде бюджеттердің атқарылуына және мемлекеттік басқару секторына кассалық қызмет көрсету бойынша Қазынашылық органдарының бюджеттік есебі мен есептілігінің көрсеткіштерін пайдаланған жөн. Болжамды деректерді есептеу қажетті көрсеткіштерді анықтауға бағытталған нақты белгіленген тәртіппен құрылуы тиіс. Болжамның нәтижесі қажетті болжамды деректерді құрылымдайтын құжат түрінде қалыптастырылуы тиіс.

Мұндай құжаттың мысалы бюджетті атқарудың кассалық жоспары болып табылады. Бюджет болып табылмайтын кассалық түсімдер мен басқа БҚШ төлемдері бойынша ақпаратты қамтитын осындай құжат қазіргі уақытта жоқ екенін атап өту қажет [12].

Мемлекеттік басқару секторларында бірыңғай қазығашылық шоттағы еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізу міндетті сипатқа ие емес, сондай-ақ жекелеген экономикалық тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін және

тиісті бюджетке қосымша кірістер алуға ықпал ететінін ескере отырып, автор БҚШ өтімділігін есептеу кезінде көрсетілген операцияларды жүргізуге байланысты көрсеткіштерді бөлуді ұсынады. Бұдан басқа, көрсеткіштерді мұндай құрылымдау нарықтық операциялардың БҚШ өтімділігіне әсерін анықтауға, яғни оларды практикалық қолданудың орындылығын бағалауға мүмкіндік береді.

БҚШ өтімділігін есептеу үшін пайдаланылуы мүмкін көрсеткіштердің тізімін ұсынамыз:

1. Есепті күнге бірыңғай қазынашылық шоттың қалдығы. Көрсеткіштің көзі банк мекемелері қазынашылық органдарына беретін БҚШ бойынша банктік үзіндінің деректері болып табылады.

2. Кассалық түсімдер. БҚШ-ға қатысты, мысалы, мұнай-газ кірістері, мұнай-газ трансферті, бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерінің түсімдері және басқару секторының бірыңғай шоттарының еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларына жатпайтын түсімдер бойынша басқа да операцияларды бөлуге болады. Бюджеттің БҚШ-на жатпайтын басқа кассалық түсімдеріне оның шегінде ашылған мекемелердің дербес шоттарына түсетін түсімдер жатады.

3. Мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операциялары есебінен түсімдер.

4. Мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операциялары есебінен алынған кірістер. Мысалы, бюджетаралық кредиттер бойынша немесе қаражатты депозиттерге орналастыру есебінен алынған пайыздар.

5. Кассалық төлемдер. Бюджет БҚШ-ға қатысты, мысалы, бюджетаралық трансферттер, ұйымдарға өтеусіз аударымдар, есеп айырысулар бойынша төлемдер және мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операциялары есебінен пайда болған басқа да төлемдерді бөліп көрсетуге болады. Бюджет БҚШ-ға жатпайтын басқа БҚШ-ның кассалық төлемдеріне БҚШ шегінде ашылған мекемелердің жеке шоттары бойынша төлемдер жатады.

7. Мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізуге арналған шығыстар. Қаражатты тарту бойынша операциялар бойынша пайыздарды, айыппұлдарды, өсімпұлдарды және т. б. төлеу.

Бұл ретте автор ұсынылған көрсеткіштер тізбесі егжей-тегжейлі нақтылауды қажет етеді деп санаймыз. Атап айтқанда, БҚШ жұмыс істеу саласындағы нарықтық қатынастарды дамыту әлеуеті тәуекелдер топтарын, активтер мен пассивтерді бағалауды ескере отырып, активтер мен пассивтерді неғұрлым нақты жіктеуді, жасырын шығындарды, кешіктірілмеген резервтерді анықтауды талап етеді. Аталған саладағы зерттеу нәтижелері қазынашылық органдарының бюджеттік есебінде трансформациялық өзгерістерге алып келеді, оны банк стандарттарына жақындатады. Банктік және бюджеттік есептің интеграциялық процестері, қазынашылыққа ашылған корреспонденттік

шотқа негізделген жаңа төлем жүйесінің қалыптасуы нарықтық тетіктердің көмегімен мемлекеттік ресурстарды көбейтуге қабілетті бюджеттерді орындауға кассалық қызмет көрсетудің тиімді моделінің негізі болып табылады [13].

Мемлекеттік басқару секторының БҚШ еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізу мақсаты: мемлекеттік басқару секторының БҚШ артық қалдықтарын басқару. Ал ол үшін жұмыс істеуі үшін басым шарт белгілі бір уақытта ақша қаражатын төлеу қажеттілігін айқындау үшін қажетті мемлекеттік басқару секторы міндеттемелерінің мониторингі болып табылады. Бұл ретте ақшалай қаражаттың нақты қозғалысын ескеру қажет, бұл кассалық алшақтықтарды және тиісінше бюджеттің атқарылуының бұзылуын анықтауға және болдырмауға мүмкіндік береді.

Бағытты іске асыру бюджеттің БҚШ-на қаражат қалдығының артуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта экономикалық тиімділікке автономдық, бюджеттік мекемелердің шоттары бойынша талап етілмеген қаражат қалдықтарын, сондай-ақ уақытша билікке алынған қаражатты бюджеттің бірыңғай шотына орталықтандыру есебінен қол жеткізіледі. Бюджетті атқару процесінде БҚШ-да ақша қаражаты қалдықтарының ауытқуын тегістеу, оның шоттарынан оның төлем қабілеттілігі үшін қиын ірі сомаларды бірмезгілдік есептен шығаруды азайтуды көздейді. Егер төлемдер бойынша есеп айырысулар бір жария-күқықтық білім шегінде жүзеге асырылған жағдайда, мысалы, бюджеттік мекемелерге субсидиялар беру кезінде көрсетілген проблема мемлекеттік басқарудың қазынашылық шоттың еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізу көмегімен шешіледі, оның барысында федералдық бюджет шотынан қалдықтарды ғана емес, сондай-ақ бюджеттік мекемелердің шоттарынан қалдықтарды ағымдағы міндеттемелерді қаржыландыруға бағыттайды. Бұл ең жақсы Бюджеттік тәжірибеге сәйкес келеді [14].

Өзге жағдайларда, мысалы, бюджетаралық трансферттерді беру кезінде БҚШ өтімділігін қамтамасыз етудің тиімді нұсқасы төлем фактісі бойынша кассалық шығыстарды жүргізу үшін қажетті ақша қаражатын ұсыну болып табылады.

Қазіргі уақытта бюджетаралық қатынастар барысында туындайтын операцияларды жүзеге асыру үшін аталған тетікті енгізу болжанып отыр. Жаңалықтардың мәні төмен тұрған бюджет деңгейінде туындаған міндеттемеге ақы төлеу қажеттілігіне қарай жоғары тұрған деңгейдегі бюджеттен қаржылық көмек беру болып табылады. Қаржылық көмек берудің жаңа тетігін енгізу жоғары тұрған бюджеттердің шоттарынан бюджет үшін қиын сомаларды бірмезгілдік есептен шығаруды болдырмауға, төмен тұрған бюджеттер деңгейінде талап етілмеген сомалар қалдықтарын болдырмауға (азайтуға) мүмкіндік береді. Автордың пікірінше, осындай тетікті бюджет жүйесінің барлық деңгейінде қолдану қажет.

Бюджеттің өтімділігін сақтау мәселесін шешу үшін Ш.М. Омаровтың кассалық айналым ұғымын енгізу туралы көзқарасы қызықты. Оның айтуы бойынша ол қажет болған жағдайда бюджет шығыстарының 1/12 дейінгі

көлемінде бірыңғай шотқа аударылған резервтік қаражат болуын білдіреді. Уақытша кассалық алшақтықтарды жабу үшін федералды бюджет тапшылығын қаржыландыру көздерінен төлемдер және ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанынан кешіктірмей резервтік қорға қалпына келтірілуі керек. Бұл ретте автор мемлекеттік басқару секторының қаржы активтерін өтімділік дәрежесі бойынша төрт топқа бөледі, сол немесе өзге қаржы активін төлемнің абсолютті құралына айналдыру үшін әр түрлі уақыт талап етілетіндігінен [15].

Қаржы активтерін топтарға бөлу шұғыл шығыстарды жабу үшін БҚШ-дағы ақша қаражаты қалдығының қолайлы шамасын есептеуге мүмкіндік береді, оған аталған әдістеменің авторы 0,2-ге тең абсолюттік өтімділік коэффициентінің нормативтік шамасына сүйене отырып, бір айдағы орташа жиынтық шығыстардың 20% - ын жатқызады. Автор алынған соманы БҚШ-дағы қаражаттың қалдықтарын талдау нәтижелері негізінде 100 млрд рубльге федералды бюджеттің бірыңғай шотының стресске төзімділігін қамтамасыз ету үшін арттыруды ұсынады [16].

Ресейде федералдық бюджеттің бірыңғай қазынашылық шотына, оның ішінде мемлекеттік басқару секторының еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларын жүргізу есебінен қол жеткізілген қаражаттың бос қалдығы федералдық бюджеттен Ресей Федерациясы субъектілерінің бюджеттеріне және жергілікті бюджеттерге қайта қаржыландыру ставкасынан төмен ставка бойынша уақытша кассалық алшақтықтарды жабуға қысқа мерзімді кредиттер беру үшін жағдай жасайды. Бағытты іске асыру Ресей Федерациясының Бюджет жүйесі бюджеттерінің сапалы және үздіксіз орындалуына, кредиттік ұйымдардан қарыз алу кезінде туындайтын тәуекелдерді жоюға, кредит алушылардың пайыздық ставкасы бойынша төленген сомалар есебінен федералдық бюджетке қосымша табыс алуға ықпал етеді.

Мемлекеттік басқару секторының пайдаланылмаған қалдықтарын басқару артық ақша қаражатының мөлшерін жоспарлауға және оларды қосымша табыс алу үшін нарықта орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл мәселе Ресей Федерациясының Бюджет кодексінің 236-бабымен реттеледі. Көрсетілген операцияларды жүргізудің орындылығын Федералдық қазынашылық басшысы Р. Е. Артюхин айтады: "Қазынашылық, бюджеттен артылғанын депозиттерде орналастыруы тиіс. Осы жылы өтімділікті басқару арқасында Қазынашылық федералдық бюджет үшін 22,5 млрд рубль алды" [17].

Автордың пікірінше, нарықта БҚШ-ның пайдаланылмаған қалдықтарын орналастыру есебінен қосымша табыс алудың ең үлкен тиімділігіне қол жеткізу үшін қаржы құралдарының заңнамалық тізбесін, мысалы, өтімді бағалы қағаздармен операциялар жүргізу есебінен кеңейту қажет.

Бюджеттің атқарылуына кассалық қызмет көрсету Қазынашылық қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады, бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқару элементтерін әзірлеу және енгізуге байланысты тұрақты өзгерістер болады. Мұндай жұмыстың мақсаты бюджеттің ақшалай міндеттемелерінің сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған бюджет қаражатын неғұрлым сапалы және тиімді басқаруға жағдай жасау болып

табылады. Қаржылық жылдың белгілі бір сәтінде бюджеттің ақшалай міндеттемелерін уақтылы төлеу қабілеті ретінде бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін анықтауға болады [18].

Басқару процестері мен рәсімдерін жетілдіруге бағытталған федералдық бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқаруға көшу ақша қаражатымен қаржы нарығында ақша қаражатын қысқа мерзімді қарыз алу тетігін қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай механизмды енгізу мемлекеттік борышты басқару процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Өтімділікті басқару тетігін енгізу нәтижесінде мемлекеттік қаражатты үнемдеу және бюджетті атқару процесінде басқару шығындарын азайтуға қол жеткіземіз. Кассалық қызмет көрсетудің қалыптасқан тәжірибесін назарға ала отырып бюджетті атқару, бюджеттің бірыңғай шотының құрылымы және қолданыстағы бюджет заңнамасының ерекшеліктері, бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқаруға көшуді мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады:

- 1) бюджеттің ақша қаражатын басқару рәсімдерін жетілдіру және дамыту;
- 2) мемлекеттік борышты басқару процестерін жетілдіру.

Бірінші бағыт аясында базалық шарттардың кез келген тиімділік бағдарламасы үшін – бұл ұзақ мерзімді макроэкономикалық және бюджеттік тұрақтылық. Тиімділік туралы айтуға және оны әр сайын қайта қарауға болмайды. Бюджеттің теңгерімділігі тек ұзақ мерзімді ретінде ғана қабылданбайды. Кассалық реттеу бөлігіндегі орта мерзімді, ағымдағы теңгерімділік шоттың өтімділігі бөлігінде принципті мәнге ие. Мұндай құралдың маңыздылығы мен дәлдігі туралы үнемі ойлау қажет. Ол үшін нақты жұмыс істеген кассалық жоспар болуы керек. Бұл жұмыста біз кассалық болжауды жоспарлау жағдайына толық қанағаттанамыз деп айту мүмкін емес. Біз бюджет жүйесінің тұрақтылығын, оның теңгерімділігін қарастырғанда, біз оны бюджет алшақтығында қарастыра алмаймыз [19].

Екінші бағыт бюджетті атқару процесінде бюджеттің бірыңғай шотындағы ақша қаражатының қалдықтарының ауытқуын тегістеу тетігін құруға мүмкіндік береді. Өтімділікті басқару бірыңғай шоттың оң балансын тұтастай сақтай отырып, ұсынылған ақшалай міндеттемелерді төлеу бойынша операцияларды жүргізудің сөзсіз мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Уақытша бос ақша қаражатын орналастыру қаржы нарығындағы қаражат өтімділікті басқарудың міндетті шарты болып табылмайды және мұндай шешім мемлекеттің ақша-кредит саясаты тұрғысынан орынды деп танылған жағдайда жол беріледі.

Үшінші бағыт бюджеттің бірыңғай шотындағы ақша қаражатының болжамды кассалық қалдықтарын ескере отырып, мемлекеттік борышты басқару процестерін іске асыруды көздейді. Халықаралық тәжірибе өтімділікті басқару мемлекеттік борышты басқарумен тығыз байланысты екенін куәландырады. Мемлекеттік қарыз алу жөніндегі шешімдер бюджеттің бірыңғай шотының жай-күйі және оның өтімділігінің болжамы туралы деректерді ескере отырып дайындалуы және қабылдануы тиіс.



3-кесте бойынша, шет елдердің тәжірибесі ақша қаражатын қысқа мерзімді құралдарға салу бағалы қағаздар нарығының даму деңгейімен, басқаша айтқанда, құралдардың, инфрақұрылымның және нарыққа қатысушылардың болуымен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Орталық банк пен өтімділікті/қарызды басқарушыларды ортақ мақсат біріктіреді: борыштық және қысқа мерзімді құралдардың ішкі нарығын дамытуды қамтамасыз ету. Оны іске асыру үшін орта мерзімді жоспар әзірлеу қажет. Lienert өтімділікті басқару саласындағы реформалардың реттілігін анықтауға қызықты тәсіл ұсынады, оған сәйкес ақша қалдықтарын белсенді инвестициялау кейінгі кезеңдерде жүзеге асырылады; реформалардың бастапқы кезеңдерінде қамтамасыз ету тетіктері мен факторларын қалыптастыру қажет [20].

3-кесте. – Кейбір елдер артық ақшаны инвестициялау үшін пайдаланатын құралдар.

	Орталық банктегі депозиттер	Коммерциялық банктердегі депозиттер	Мемлекеттік бағалы қағаздар / кері сатып алу	Өзге де бағалы қағаздар	Кері РЕПО мәмілелері
Албания		+	+		
Бразилия	+				
Чили	+	+			+
Колумбия	+		+		+
Франция	+	+	+		+
Венгрия			+		+
Үндістан		+	+		
Перу	+	+			
Словения	+	+	+		
Швеция		+	+	+	+
Түркия	+		+		+
Ұлыбритания		+	+	+	+
АҚШ	+				

Ескерту – Кесте автормен дереккөз негізінде құрастырылған [21]

Ресейдің Федералды қазынашылығы екінші деңгейдегі банктерде аукцион арқылы бюджет қаражатын орналастыруға, несие ұйымдарынан бағалы қағаздарды сатып алу бойынша операцияларды жүргізуге құқылы және кассалық алшақтықты жабу үшін жергілікті бюджеттерді несиелендіруге мүмкіндігі бар. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктердің және қайтару мерзімдері басталған кезде жергілікті бюджеттердің шоттарынан Қазынашылықтың қаражатты акцептсіз алуы міндетті шарт болып табылады. Сонымен қатар, Орталық банк Күн сайын федералды Қазынашылықтың БҚШ-дағы қаражат қалдықтары бойынша есептеу жүргізеді.

Ресей Федерациясының Қаржы министрлігі жанынан Орталық Банк, Қаржы министрлігі және Федералды қазынашылық өкілдері бар арнайы тағайындалған комиссия құрылды. Бұл комиссия қассалық жоспардың параметрлерін және федералды бюджеттің мүмкіндіктеріне сүйене отырып, банктерге ұсынылуы мүмкін қаражат көлемін анықтайды. Орталық банк артық өтімділік нарыққа зиян тигізбеуі үшін банк жүйесінің қанша қаражатты игере алатындығын анықтайды. Осыдан кейін, осы параметрлер аясында Федералды қазынашылық қаражаттың бос қалдығын орналастырады.

Соның нәтижесінде Ресей Федерациясында федералды Қазынашылықтың коммерциялық банктердің депозиттеріне БҚШ-ның бос қаражатын орналастырудан бюджетке түсетін кірісі 1,0 млрд доллардан асты [22].

Мысалы, Финляндияда қаржы департаменті бар. Финляндияның мемлекеттік қазынашылық департаментінің негізгі міндеттері мемлекеттік қарызды және ағымдағы өтімділікті басқару, муниципалитеттерге несие беру болып табылады. Қаржы департаментінің директоры деңгейінде артық қаражатты нарыққа орналастыру немесе бюджет тапшылығы жағдайында қаражат тарту туралы шешім қабылданады. Қассалық жоспарды жасау процесі автоматтандырылған, министрліктер мен оған ведомстволық бағынысты мекемелер өз өтінімдерін электрондық түрде мемлекеттік қазынашылыққа жібереді [23].

Өтімділікті басқару тетігін енгізу, сайып келгенде, мемлекеттік қаражатты үнемдеуге және бюджетті атқару процесінде басқарушылық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді

Соңғы бірнеше жыл ішінде Корея қазынашылығы Қаржы министрлігімен және Корея банкімен бірлесіп мемлекеттік қаражатты белсенді басқару жүйесін құру және дамыту үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсады. Қаражаттың бос қалдығын басқару тиімділігін қамтамасыз ету бөлігінде 2010 жылдан бастап коммерциялық банктерге орналастырылатын қаражат көлемін және тиісінше бюджеттің қосымша кірісін едәуір (есе) ұлғайтуға қол жеткізілді. 2015 жылы табыс 4,9 млрд долларды құрады [24].

Венгрияның әртүрлі айналым мерзімдері: 2 айдан 15 жылға дейін 2% және одан жоғары мөлшерлемен қазынашылық облигацияларды шығару жолымен бюджет тапшылығын жабу үшін халықтың ақшалай қаражатын тарту тәжірибесі зерделеуге лайық. МБҚ-ның тартымдылығы борыш пен олар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі мемлекеттің кепілдігінде жатыр [25].

Әлемдік тәжірибе қаржы нарығында уақытша бос бюджет қаражатын орналастыру нарық талап ететін шарттарда қаражат беру есебінен бюджет кірістерін ұлғайтуға, екінші жағынан, әрқайсысы қаржы нарығының конъюнктурасына байланысты пайдаланылатын қаржы құралдарының шектеулі шеңберіне байланысты бюджеттің кірістерді толық алмау тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталғанын көрсетеді.

Мұндай операцияларды жүргізу БҚШ-дағы бос қалдықты ұлғайтуға, нарықта талап етілмеген бюджет қаражатын орналастыру есебінен қосымша табыс алуға ықпал етеді, осылайша бюджеттің өтімді позициясын арттыруға

ықпал етеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл ұлттық экономикаға оң әсер ететін бюджет қаражатын тиімді инвестициялау деп айтсақ болады.

Бұл тарауды қорытындылай келе, бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқарудың нақты тетігін құру бірнеше кезеңнен өтуді және әртүрлі мәселелердің кең ауқымын шешуді талап етеді, олардың ең өзектілігі мыналар болып табылады:

1) қаржылық болжау рәсімдерін енгізу бағыты бойынша және бюджетті атқару процесінде кассалық жоспарлау бюджетті атқару кассалық жоспарын жасау және жүргізу;

2) басқару рәсімдерін жетілдіру және дамыту бағыты бойынша ақша қаражатымен – нормативтік-құқықтық шарттарды белгілеу, банк депозиттеріне бюджеттің ақша қаражатын орналастыру тәртібін әзірлеу және енгізу;

3) бюджеттің бірыңғай шотының жұмыс істеу механизмін жетілдіру.

## Зерттеу әдістері

Бұл бөлімнің мақсаты – магистрлік жобаның тақырыбын зерттеуде әдіснаманы таңдауды көрсету және негіздеу.

Әрбір эмпирикалық зерттеу белгілі бір тақырыпты зерттеу және сұрақтарға жауап алу үшін деректерді қажет етеді. Зерттеудің ерекшеліктеріне байланысты қажетті деректерді екі түрлі түрге бөлуге болады: сапалық және сандық.

Жұмыста жобаның проблемаларын ашу үшін сапалы және сандық зерттеу әдістері қолданылды.

Сонымен қатар статистикалық деректерді өңдеуде Power BI бағдарламасын қолдандық. Ал бұл өз кезегінде визуализациялау үшін қажетті бағдарлама болып табылды.

Зерттеудің сапалы әдістерінің бірі ретінде біз әдеби ресурстарды талдау мен өңдеуді қолдандық. Біріншіден, бұл әдіс жоба тақырыбының қаншалықты танымал және зерттелгенін, облыстың негізгі ғылыми зерттеушілері мен сарапшыларын, әрі қарайғы жұмыстың негізгі ережелерін анықтауға, жетілдіруге арналған ұсыныстарды негіздеуге көмектесті.

Сонымен қатар статистикалық деректерді өңдеу, талдау, болжамдау. Не үшін статистикалық деректер? Себебі зерттеу тақырыбымыздың маңызды анализі өткен жылдардың салыстыру, өңдеу арқылы, визуалды көру және де бір қорытындыға келу. Өйткені жауапты мемлекеттік органдардың сайттарында ай сайынғы, мерзім сайынғы салынып отыратын есептері, жұмыс қорытындылары жарияланып отырады. Айта кету керек бұл жағдайда да, яғни мемлекеттік органдардың сайттарынан ақпараттарды жинау кезінде де кейбір проблематикалар жолықты: өткен жылдардың есебінің болмауы, ай сайынғы жарияланып отыратын есептердің ай сайынғы реттілігіне сәйкес келми, үзіліп отыруы дегендей. Әйтседе бұл зерттеу әдісіне айтарлықтай кедергі келтірмеді. Осы жиналған деректер арқылы белгілі бір нәтиже жасау арқылы, проблематиканы анықтауға да септігін тигізіп, тақырып зерттелуіне жақсы ықпал етеді.

Сонымен қоса, магистрлік жобаны дайындау барысында қосымша әдебиеттерді зерделеу қажет екенін ескере отырып, көрсетілген тақырып бойынша қолда бар зерттеулер, ел аралық тәжірибе, салыстырмалы талдау және әдеби дерек көздерін талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістердің артықшылығы, бұлардың жан-жақтылығы.

Зерттелетін тақырыптың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыратын салыстырмалы зерттеу әдісі біз үшін өте пайдалы болды.

Салыстыру операциясының 2 түрі бар: біріншісі - ұқсас белгілерді іздеу, екіншісі - ерекше белгілерді орнату және түсіндіру. Қандай операциялар қолданылатынына сәйкес салыстыру толық және толық емес (егер ол тек бір операциядан тұрса) болуы мүмкін [26].

Салыстырмалы әдіс ең алдымен заңдар, корреляциялар, модельдер, типологиялар және классификациялар түрінде эмпирикалық жалпылауды алуға бағытталған. Белгілі бір дәрежеде салыстырмалы талдау нәтижелері сипаттамалық және иллюстрациялық болып табылады.

Салыстырмалы зерттеулердің келесі түрлері бар:

- "Case-study" салыстыру;
- аймақтық салыстыру;
- жаһандық сәйкестік.

Біз "Case-study" салыстыруды пайдаландық, онда біз РЕМРАЛ қоғамдастығының мемлекеттік қаржыны басқарудағы тәжірибесімен алмасуда озық тәжірибесі бар елдерді және заманауи тетіктерді (Ресей, Түркия, және Венгрия) бірыңғай қазынашылық шотты басқарудағы тәжірибесін елімізде қолданылып жүрген тәжірибесіне сай талдадық.

Еліміздің қазынашылығында бюджеттік өтімділік ұғымы, оның жұмыс істеу процесстері және оны тиімді қолдану әдісі еліміде әлі толық қарастырылмағандықтан, талдау жасауда елімізде тәжірибенің төмен деңгейде болуы, әдіс жасаудың өзге де әдістерін қарастыруға жол ашады.

Нақтырақ айтқанда бірыңғай қазынашылық шотты басқаруда, өзге дамыған елдердің тәжірибесін, іске асырудағы механизмдерін қарастыру тағы сол секілді әдістер.

Халықаралық тәжірибені қарастыру ерекше назар аударды және өтімділікті басқарудағы өзге де тетіктерін қарастыру, қалай пайдалану жөніндегі оңтайлы шешімдерін қарастыруға көмектесті. Шетелдік тетіктерді отандық жағдайлар мен қолданыс ерекшеліктеріне келтіре отырып, Қазақстан Республикасының Қазынашылығында қолдануға да болады.

## Зерттеу нәтижелері және талдау

Бұл тарауда қазынашылықтың ақша қаражатын басқару процесіне, қолма-қол ақша басқармасы ай сайын қаржы министрлігінің сайтында орналастыратын бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қалдықтарының қозғалысына, мемлекеттік және үкіметтік борышқа, еліміздің бюджет кодексінің кейбір тармақтарына, мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына шолу жасап, талдау жасап өттік.

Ақша қаражатын басқаруға келетін болсақ, Қазақстанда ақша қаражатын басқару, мониторинг және бақылау мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Бірыңғай қазынашылық шот ашылды. Ұлттық валютада. Бұл шотты Қаржы министрлігі басқарады. Бюджетті парламентте бекіткеннен кейін, бюджеттік бағдарламалардың басшылары міндеттемелердің жеке жоспарын және төлемнің жеке жоспарын дайындауы тиіс. Бұдан басқа, қаржы министрлігінде міндеттемелерді қаржыландырудың жиынтық жоспары, шоғырландырылған кірістер жоспары және төлемдер үшін қаржы бар. Осы құжаттардың негізінде Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті уәкілетті бенефициарларға ақша аударымдарын жүзеге асырады. Салалық министрліктер мен басқа да органдар шығыстарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекіткен жеке қаржыландыру жоспары негізінде жүзеге асырады. Қаржы министрлігі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жеке жоспарлары негізінде міндеттемелерді қаржыландырудың шоғырландырылған жоспарын, республикалық бюджет бойынша төлемдердің шоғырландырылған жоспарын дайындайды, бекітеді және қолдайды. Белгілі бір жағдайларда Үкіметтің бюджетті жүзеге асыру кезінде республикалық бюджет шығыстарын қайта бөлуге құқығы бар. Өздерінің бюджеттік жоспарларын орындау кезінде тиісті органдар ақша қозғалысының болжамдарын пайдаланады. Олар Қаржы министрлігіне қол жетімді болса да, болжамдар жарияланбайды, сондықтан халық шығындар мен кірістер туралы білмейді. Әйтседе бұл бюджетті тиімді іске асыруға қатысты қоғамдық бақылауға ықпал ететін еді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі бюджеттің атқарылуына тоқсан сайын мониторинг жүргізуді талап етеді. Бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін тұрақты және жүйелі жинау, қадағалау және талдау арқылы ол міндеттемелердің уақтылы қабылданбауын, бюджеттік бағдарламалар бойынша төлемдердің кешіктірілуін анықтауға көмектеседі және бюджеттің атқарылу болжамдары туралы хабардар етеді. Бюджет қаражаты жоспардан ауытқыған және/немесе игерілмеген кезде келесі жылға арналған бюджет азаю жағына қарай түзетілуі мүмкін (өткен жылы игерілмеген қаражатты шегергенде). Мәселен, ҚР Бюджет кодексінің 104-бабының 5-тармағына сәйкес жыл басындағы мақсаттарға бөлінгеннен кейін қалған бюджет қаражатының қалдықтары бюджеттің ақшасының бос қалдықтары болып табылады сонымен бірге бюджетті нақтылау арқылы ағымдағы жылдың шығыстарын

қаржыландыру мақсатында жіберілуі мүмкін. Барлық бюджеттік бағдарламаларың әкімшілері, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық және де жергілікті уәкілетті органдар бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептерінің және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынатын ақпараттың негізінде тиісті бюджеттік мониторингті іске асырады. Бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат:

- Қазақстан Республикасының Үкіметіне;
- Есеп комитетіне;
- жергілікті атқарушы органдарға;
- мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жіберіледі.

Еліміздегі бюджет ақшасын басқару, уақытша қажет етілмеген бюджет қаражаттарын Ұлттық банктің депозиттеріне орналастыру тәртібіне тоқтала кетейін.

Бюджет ақшасын басқару ҚР бюджет кодексінің 101-бабында көрсетілгендей бюджет түсімдердің уақыттарына сай төлемдердің уақтылы дер кезінде төленуін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін білдіреді. Осы бабқа сәйкес бірыңғай қазынашылық шоттағы, қаржы жылының белгілі бір уақыт аралығында қолданылмайтын ақша уақытша бос бюджет ақшасы болып табылады.

Ал осы уақытша бос бюджет ақшасын ұтымды пайдалану және тиісті бюджетке кіріс алу мақсатында республикалық, облыс бюджеттері, республикалық маңызды қала, астана бюджеттерінің уақытша бос бюджет ақшасы еліміздің Ұлттық Банкінд салымдарына орналастыра алады. Бюджет ақшасын басқаруды Қазынашылық комитеті қамтамасыз етеді. Ал төлемдердің уақтылы әрі толық көлемде болуы үшін қолма-қол ақша анализі және шоттарды салыстыру басқармасы ақша ағынының болжамын жасайды. Бюджет кодексі аясында жасалады. Яғни қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы қаражат қалдығы; тиісті бюджеттер түсімдеріне ақшаның күтілетін көлемі; осы айтылған мәліметтерге сәйкес болжам жасалады. Жалпы айтқанда басқарма ақша қозғалысына мониторинг жүргізеді, бюджеттің бақылау шотындағы ағымдағы ақша қалдықтарын бақылауды және де басқаруды қамтамасыз етеді. Ақша қалдықтарының профициті және дефициті депозиттерге орналастырудың басты талаптары болып табылады. Бюджетке түсетін түсімдер көлемі ағымдағы жылдың қолма-қол ақша көлемінен жеткілікті деңгейде көп болуы профициті, ал ағымдағы қаржы жылының күтілетін бюджет көлемінен нақты бюджет қалдықтарынан асып түсуі бюджет дефициті болып табылады. Сонымен болжауда бақылау шотында ақша қозғалыс болжамының профициті байқалса қолма-қол ақша анализі және шоттарды салыстыру басқармасы уақытша бос ақша қаражаттарының көлемін айқындайды. Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібі ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы бұйрығымен (2-параграф "Уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру тәртібі") бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету қағидаларымен реттеледі, бюджет депозиттерге емес, БҚШ уақытша бос бюджет ақшасы орналастырылады.

ҚР ҰБ-да уақытша бос бюджет ақшасын орналастыру қорытындысы бойынша республикалық бюджетке 1 959,6 млн теңге көлемінде кіріс, облыстар бюджеттерінің кірісіне 123,8 млн теңге сомасында түскен. Жыл сайын кіріс ауқымының ұлғаю көрсеткіші прогрессивті тенденциясын көрсетеді. 2015 жылдың 2020 жыл аралығында бұл көрсеткіштің 2,5 есе өскенің көреміз. Айта кетейік, бұл тек республикалық бюджеттің орналастырудан түскен кіріс көлемі. Бірыңғай қазынашылықтың шоттың одан өзге республикалық және жергілікті бюджеттің қолма-қол бақылау шоттарының, бюджеттік және өзге де қаражаттарды есепке алуға арналған мемлекеттік органдарының шоттары уақытша бос ақша қаражатының орналастыру механизмін қолға алса, бюджетке қосымша кіріс көлемінің айқындауға болар еді (1-сур.)




1-сур. – ҰБ РБ уақытша бос бюджеттерін орналастырудан кірісі, мың теңге

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [27]

Келесі суреттер, Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қалдықтары. Ол өз кезегінде республикалық, жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары, ҚР ҰҚ, жергілікті бюджеттердің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, еуразиялық экономикалық одағының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары және т.б ақша қалдықтарын құрайды.

2 - суретте байқағанымыздай айдың басынан бастап, айдың аяғына дейінгі ақша қалдықтарының көлемінің ұлғайғандың көрсетеді. Ал жергілікті бюджеттің депозит көлемі ақпан айында 3 млрд. теңге, наурыз айында 21,5 млрд теңге көлемінде. Қалған айлардан бастап орташа ауытқуымен 70 млрд. теңге көлемінде ақша деңгейін көрсетіп тұр. Қалдық көлемі 1 еседен 12,3 есеге дейін ұлғаю деңгейін көрсеткен. Қалдықтың шекті деңгейі 118,67 млрд. көлемде, ал бұл дегеніміз өз кезегінде орналастыруға болатын жергілікті бюджеттің ақша қаражаттарының көлемінің шекті мөлшерге дейін ұлғайтуға болатыны айтуға болады.






## 2-сур. – Жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары және жергілікті бюджеттердің депозиті

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [28]

Қазынашылық қамтамасыз ету мемлекеттік мекемелермен қоса квазимемлекеттік сектор субъектілеріне де қызмет көрсетеді. Яғни, Бірыңғай қазынашылық шоттан бюджеттің атқарылу, қозғалысы өтеді. 3 – суретте көрсетілгендей жылдың басындағы қалдық көрсеткіші 58,07 млрд теңгеден маусым айында 108,01 млрд теңгеге дейін ұлғаю көрсеткішіне жеткен. Ал жылдың аяғында 64,39 млрд теңге көлемінде, яғни бастапқы мөлшерден 10 % жоғары деңгейде тұр.




## 3-сур. – 2020 жылғы Республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотындағы ақша қалдықтары

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [29]

Келесі суретте (4-сурет) жалпы бірыңғай қазынашылық шоттағы қалдықтармен бюджеттегі қалдықтардың салыстырмалы түрдегі анализі. Байқағанымыздай жылдың басынан бастап бюджет қалдықтарының жылдың аяғына дейін прогрессивті өсуі көрінеді. Өз кезегінде бұл ақшаның қалдығының жыл аяғында жоғары мөлшерде қалуын көрсетеді.

Бірыңғай қазынашылық шоттағы ақша қалдықтарының көлемі айтарлықтай үлкен мөлшерде екенін байқадық. Яғни бірыңғай шотта белгілі бір мөлшердегі қалдық лимитін қалдырып, банктерге Бірыңғай қазынашылық шоттағы уақытша бос қаражатын орналастыру нарықтың өтімділігін қолдау үшін өте пайдалы және қажетті құрал болатыны көрсетеді. Мысалы, Францияда қазынашылық шотта мақсатты қалдық лимиті белгіленген, ол 100 млн еуроны, Оңтүстік Кореяда – 1,0 млрд долларды құрайды. Бюджеттің қалған бос ресурстары банк секторына қысқа мерзімді кезеңге беріледі.



4-сур. – Барлығы (Бірыңғай қазынашылық шот) және бюджеттегі қалдық ақшаның жиынтығы

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [29]

2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш 17 286 млрд.теңгеге (45,3 млрд. АҚШ долларына) құрады және 2018 жылғы деңгейге қарағанда 1 240,6 млрд.теңгеге (3,6 млрд. АҚШ) ұлғайған. Мемлекеттік қарыз 16 486,8 млрд.теңгені құраған (43,2 млрд. АҚШ долл.) 1 099,6 млрд. теңгеге ұлғаю көрсеткішіне сай (3,2 млрд. АҚШ). Мемлекеттік борыштың ЖІӨ – ге арақатынасы қауіпсіз шектерде қалып отырғанына қарамастан - ЖІӨ-ге қатысты 26,2%, оның бес жылдық кезеңде 1,8 есе өсуі байқалады (2015 жылы-9 022,2 млрд.теңге).(5 - сурет)


Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышы 10,1% - ға дейін өсті 12 851,7 млрд. теңге, бұл ЖІӨ-нің 18,7% - ын құрайды және белгіленген шектеу (25%) одан аспайды .

Үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге және оны өтеуге арналған шығыстар 2019 жылы 1 368,2 млрд. теңгеге дейін немесе 2018 жылғы деңгейге сәйкес 27,9% - ға артты (6- сур.).



5-сур. – 2015 - 2019 жылдардағы борыштық жүктеменің серпіні

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [30]




6-сур. – Мемлекеттік және үкіметтік борыштың 2015 - 2019 жылдары динамикасы

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [30]

Бюджетке борыштық жүктеме деңгейі Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында белгіленген шектеу шегінде (15%) болғанына қарамастан, оның 2015 жылғы 9,8% - дан 2019 жылы 12,9% - ға дейін өсуі байқалады. Ұлттық қордан берілетін трансферттерді есепке алмағанда, борыштық жүктеме деңгейі шекті деңгейден 3,2 п.т. асады және

18,2% - ды құрайды. 2019 жылы республиканың жалпы сыртқы борышының көлемі 2 млрд. АҚШ долларына төмендеген және 156,8 млрд. АҚШ долларын құрады, негізінен фирмааралық берешекті қысқарту есебінен. Сонымен бірге, ұлттық валюта бағамының төмендеуі кезінде, әсіресе мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі аясында кірістіліктің төмендеуіне байланысты Мұнай-газ секторының міндеттемелері бойынша борыштық жүктеме тәуекелдері сақталуда. Мемлекеттік басқару органдарының сыртқы борышы 2018 жылғы деңгейге қарағанда едәуір ұлғайып, 12,4 млрд. АҚШ долл. құрады (2018 жылы - 11,6 млрд. АҚШ долл.), 7,9% (2018 жылы – 7,3%). (7 – сурет)



7-сур. – 2017-2020 жылдар аралығындағы борыш динамикасы

Ескерту – Сурет автормен дереккөз негізінде құрастырылған [30]

Нақты және банк секторларының қалыптасқан өзара іс-қимыл жүйесі шеңберінде коммерциялық банктер тұтастай алғанда өндірістік сектордың қаржы ресурстарын ұлғайтуға іс жүзінде жұмыс істемейді, өйткені халықтың жинақтары (депозиттер), квазимемлекеттік сектордың қаражаты және, мүмкін, сыртқы қарыздарды кредиттік мекемелер мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қаржыландыруға жұмсайды. Жыл сайын ішкі мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстар талдау көрсеткендей бюджетке ауыр ауыртпалық түсіреді.

Бұл бөлімде бюджет кодексінің кейбір тармақтарына тоқталсақ. Жалпы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі бюджет процесінде өзінің алдына бюджеттік, бюджетаралық қатынастарды реттеу, бюджет жүйесінің жұмыс істеуінің, бюджет қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастырудың және пайдаланудың негізгі ережелерін, қағидаттары мен тетіктерін белгілеу мақсатын қоятын неғұрлым маңызды құжат болып табылады.

Бюджет кодексінің құрылымы жалпы және ерекше бөлімдерден, 13 бөлімнен, 49 тараудан және 245 баптан тұрады. № 1 "Бюджет жүйесі" бөлімінде

бюджет жүйесінің негіздері қаралады, 29 бюджет жүйесінің түрлері мен деңгейлеріне сипаттама беріледі, бюджет құрылымы, сондай-ақ Қазақстан Үкіметінің резервтері туралы ақпарат ұсынылады. Бұл бөлімде Ұлттық қорды қалыптастыру және басқару егжей-тегжейлі сипатталады [31].

Бюджет кодексінің бірінші бөлімінде Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың анықтамасы мен негіздері келтіріледі. Ол туралы толығырақ ҚР Үкіметінің қаулысында айтылады.

№ 2 "бюджеттер деңгейлері арасында түсімдер мен шығыстарды бөлу" бөлімінде бюджетке түсетін түсімдердің көздері айтылады, олардың тізбесі және оларды республикалық және жергілікті бюджеттер арасында бөлу жайлы айтылған. Осы мәселелер бойынша бюджет шығыстары да көрсетіледі.

Бюджет кодексінің Ерекше бөлігі республика бюджетін жоспарлау тәртібін (3-бөлім), сондай-ақ бюджеттердің атқарылу тетіктерін (4-бөлім) қарайды.

5 және 6-бөлімдер бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу қағидаларына жатады. 7-бөлім бюджет қаражатын пайдалануды мемлекеттік қаржылық бақылау тетігіне арналған. 8-ден 12-ге дейінгі бөлімдер бюджет қаражатын пайдалану немесе оларды тарту шеңберінде кредиторлық және дебиторлық берешекке сипаттама береді. 13-бөлім Бюджет кодексінің ағымдағы бюджет заңнамасына сәйкес келуіне арналған.

Бюджеттердің теңгерімділігін реттеу бөлігінде Бюджет кодексін алып тастау республикалық бюджеттен берілетін қаржылық көмекті есепке алмағанда, жергілікті бюджеттер тапшылығының шекті мөлшері (жергілікті бюджет шығыстары көлемінің % - ында) белгіленбейтіндігі болып табылады. Сондай-ақ бюджеттер тапшылығын жабу көздері айқындалмаған және бюджеттер тапшылығын қаржыландыруға бағытталған қарыз қаражатының шекті көлемі белгіленбеген. Сонымен қатар, Бюджет кодексінің 20-бөлімінің 4-тарауында шығындар секвестрі механизмі қарастырылған. "Бюджеттік бағдарламаларды олардың бекітілген жылдық көлемінің он пайызынан кем сомаға секвестрлеу – Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша, он пайыздан астам сомаға секвестрлеу-заңның немесе мәслихат шешімінің негізінде жүзеге асырылуы мүмкін".

Бюджет кодексінің күшті жағы резервтердің болуы болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдардың резервтері республикалық және жергілікті бюджеттерді дайындау уақытысында жоспарланбаған шығындарды күтпегендігіне және ағымдағы қаржы жылына шұғыл түрде қаржыландырудың талап етілуіне сай қаржыландыру үшін республикалық, жергілікті бюджет құрамында дайындалып жасалады.

Бюджет кодексінде бюджет процесінің негізгі рәсімдері мен кезеңдері егжей-тегжейлі сипатталған:

- бюджет жобасын жасау жұмыстарының басталу және аяқталу мерзімдері;
- жобалық база (әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, бюджет-салық саясатының бағыттары, жиынтық қаржылық теңгерім, кезекті жылға арналған экономиканы дамыту жоспары, басқалар);

- жергілікті бюджет жобасы бойынша есеп айырысуларды әкімшілермен келісу регламенттелді;

- биліктің өкілді органдарында бюджеттерді қарау және бекіту рәсімі жария етілді;

- тиісті қаржы жылының басталуына және тұтастай алғанда бюджет процесіне қатысты бюджетті ұсыну, қарау және бекіту кезеңдерінің мерзімдері мен ұзақтығының ұтымдылығын ұстанады;

- депутаттық түзетулерді енгізу, қарау және қабылдау тәртібі регламенттелді.

Бюджет кодексінде бюджет процесін орындау кезеңінде мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыру егжей-тегжейлі қамтылған:

- бюджет қаражатын алушыларға бюджеттен бөлінген қаражаттың дұрыс пайдаланылуын бақылау тетігі көзделген;

- тиісті билік органдарына бюджеттердің атқарылу барысы туралы ақпарат берудің кезеңділігі бар.

Осылайша, соңғы редакциядағы кодекс бюджет процесінің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі қажеттілігін барынша толық көрсетеді деп айтуға болады.

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына келер болсақ, KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздар саудасының жиынтық көлемі 2020 жылы 2,3 трлн теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,1 есе өсті. Екінші тоқсанда сауда-саттық көлемі 1,49 трлн теңгені құрады. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша қайталама нарықтағы орташа күндік сауда-саттық көлемі 4,2 млрд теңгені құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі екі есеге немесе 932,3 млрд теңгеге, 1,8 трлн теңгеге дейін өсті. Оның 445,2 млрд теңгесін 14 облыстың, Астананың, Алматы мен Шымкент қалаларының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі орташа алынған кірістілігі жылдық 9,47-11,1% болатын 1,376 трлн теңге тартты. 2020 жылдың екінші тоқсанында орналастыру көлемі 1,287 трлн теңгені құрады, оның 421,8 млрд теңгесін әкімдіктер, 866 млрд теңгесін қаржы министрлігі тартты. Қаржы министрлігінің орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемелер жылдық 10,2-11,0% аралығында қалыптасты. Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 2,3 есеге өсіп, 500,8 млрд теңгеге жетті. Ұлттық Банктің қайталама нарықтағы ноталарымен сауда-саттық үлесі бұрынғысынша жоғары деңгейде – сауда-саттықтың жалпы көлемінің 74,4% - ы болып қалуда [32].

Банк секторының МБҚ бойынша кірістері басқа қаржы құралдарымен салыстырғанда өте жоғары деңгейде, ал бұл әлемдік практикаға қайшы келеді, бұл айқындама бойынша тәуекел дәрежесі төмен қаржы құралдарына салымдар да аз кірістілік әкелуі тиіс екенін көрсетеді. Қор нарығы бюджет және квазимемлекеттік сектор қаражатымен тікелей немесе жанама жұмыс істейді.

4-кесте. – РЕМРАЛ қауымдастығына мүше елдердің БҚШ басқарудағы үлгілері

Салыстыру	Ресей	Түркия	Венгрия	Қазақстан
-----------	-------	--------	---------	-----------

критерийі				
1	2	3	4	5
Бірыңғай қазынашылық шот ашудағы мақсат	бюджеттік мониторинг және өтімділікті басқару			
Құрылымы	федералды бюджеттің қаражаты жинақталады және мемлекеттік органдардың федералды бюджеттің орындалуы бойынша операциялары көрсетіледі.	1972 жылы Түркия банкінде ашылған, барлық кірістер түседі және барлық төлемдер БҚШ арқылы жүзеге асырылады	1996 жылы мемлекеттік секторды реформалау нәтижесінде мемлекеттік қазынашылық пен БҚШ құрылды-орталық үкіметтің барлық ақшалай қаражаты (қазынашылық цикл) осы шотқа орналастырылуы тиіс	1996 жылы Ұлттық Банкте ұлттық шотта ашылған. Республикалық және жергілікті бюджеттің, ұлттық фондтың қолма-қол бақылау шоты, бюджеттік және өзге де қаражаттарды есепке алуға арналған ММ шоттары
Болжамдау	БҚШ-дағы қаражат қозғалысының болжамдары (кассалық жоспар, жедел мәліметтер және т. б.)	Жылдық өтімділік бағдарламасы бюджеттік болжамдар негізінде қазан айының соңына дайындалады	Мемлекеттік қазынашылық аптасына 2 рет, Орталық банк аптасына 2рет, Мемлекеттік қазынашылық ағымдағы күнге БҚШ-да күтілетін қалдық туралы ақпаратты жібереді	Республикалық бюджет бойынша алдағы айға күндер бойынша ҚБШ- дағы болжанатын ақша қозғалыстрының кестесін жасау және Ұлттық Банкке ұсыну
Өтімділікті басқару құралдары	федералды бюджет қаражатының уақытша бос қалдықтарын банк депозиттеріне орналастыру; Репо шарттар	Қысқа мерзімді облигация; Репо немесе кері репо ; Депозиттік аукцион;	Репо және кері репо операциялары: 1 күндік (overnight, tomnext, spotnext) және апталық (spot-week) Өтімді қазынашылық облигациялар	Республикалық және жергілікті бюджеттің уақытша бос қаражатын Ұлттық Банк депозитіне орналастыру

4-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Өтімділікті басқару құралдары			3 айлық дисконттық қазынашылық облигациялар (түзетілген орналастыру) Орталық банкте орналастырылған валюталық депозиттерді пайдалану Резервтік кредиттер ("стенд-бай") (қысқа мерзімді кредиттер) ҰБ орналастырылған валюталық депозиттерді пайдалану	
-------------------------------	--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

Ескерту – Кесте автормен дереккөз негізінде құрастырылған [33], [34],

4-кестедегі анализдегі елдер РЕМРАЛ қоғамдастығының мүшелері, ол дегеніміз, мемлекеттік қаржыны басқаруда өзара зерделеу мен тәжірибе алмасу жөніндегі қауымдастық, сондай-ақ Орта Азия мен Орталық және Шығыс Еуропа елдері арасында оларды жүргізуде тәжірибе алмасу үшін мүмкіндіктерді әзірлеу мен дамыту жөніндегі көпжақты күш-жігерді білдіреді.

Бірыңғай шоттағы өтімділікті басқару жөнінен озық тәжірибеге ие бұл елдер, зерттеуге әбден лайық. Бұнда бірыңғай қазынашылық шоттың мақсаты, құрылымы және өтімділікті басқару құралдарына салыстырмалы талдау жасалды. Және де зерттеу келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- Салыстырмалы түрде әр елде бірыңғай шоттың ашылуының мақсаты нақты әрі анық айтылған. Және де өз кезегінде механизм тетіктерін жетілдіруді талап етеді. Қаражаттар жиналып және бірыңғай қазынашылық шоттан өтуі, мониторингті және ақша ағынының қозғалысына дұрыс болжау жасауына күшеюіне ықпал етуі керек. Тұрақты ақпарат алмасу өтімділікті тиімді басқару мақсатында ғана қажет;

- Өтімділікті басқару құралдарының тетігін жетілдіру. Тек қана Ұлттық Банктің депозитіне салмай, Екінші деңгейлі банктердің депозитіне салу. «Репо» операцияларына мән беру. Ол үшін мынадай критерийлерге қатты көңіл аудару қажет:

- 1) шетелдік агенттіктердің жоғары рейтингтері бар банктердің белгілі бір саны БҚШ-ның уақытша бос қаражатына қол жеткізе алады,

- 2) біз қысқа мерзімді кезең туралы айтып отырғанымызды түсінуіміз керек. Мысалы, бір күндік РЕПО операциялары 11%. Қазынашылық өтімділікті бір



күнге, бір аптаға және т.б. бере алады, сол күні немесе бір аптада ең жоғары рейтингісі бар және алғашқы бестіктің қатарына кіретін банкте мұндай проблемалар туындауы екіталай, сондықтан ол қаражатты қайтара алмайды. Оның үстіне қайтару мерзімі басталған кезде Ұлттық банк Қаржы Министрлігінің тапсырмасы бойынша коммерциялық банктердің корреспонденттік шоттарынан қажетті қаражатты акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға міндетті болады,

3) бюджет қаражатын орналастыруға тартылған несиелік ұйымдары белгілі бір талаптарға сәйкес келуі керек, оның ішінде әмбебап лицензияның болуы, кемінде шекті мөлшерінде ҰБ белгілеген меншікті қаражат (капитал) болуы керек. Несиелік ұйым Ұлттық банктің тікелей немесе жанама бақылауында болуы керек (бұл оның ҰБ ресми сайтындағы несиелік ұйымдар тізімінде болуымен дәлелденеді),

4) ұлттық рейтингтік шкала бойынша ҚР ҰБ белгілеген деңгейден төмен емес несиелік рейтингі болуы керек. Несиелік ұйымда бұрын мерзімі өткен берешек болмауы керек.

Ұлттық банктің БҚШ-дағы ақша қаражатының қалдықтарына пайыздар есептеуінен болатын пайдадан басқа, алдын ала шарттар болған кезде мемлекеттің ақша қаражатының қалдықтарын қысқа мерзімді құралдарға салу өз кезегінде кірістердің өсуіне ғана емес, сондай-ақ қысқа мерзімді қаржы құралдары мен мемлекеттік бағалы қағаздар нарықтарының дамуына ықпал ете отырып, оң жанама әсері бар. Екінші жағынан, бұл контрагенттің несиелік тәуекелін тудырады, оны ескеру және бақылау қажет.

Қаржы нарықтарына ақша салған кезде іс-әрекеттің ұлттық банкпен келісілуі өте маңызды. Осындай өзара іс-қимыл шеңберінде қаржы реттеушісі ақша қаражатының болжамды ағындары, оның ішінде жоспарланатын қысқа мерзімді қарыз алу және инвестициялар (басқалармен қатар, қаржы жүйесінің өтімділігіне әсер ететін) туралы деректерді алады. Ақпаратпен бөлісе отырып, өтімділікті басқарушылар орталық банкпен бәсекелестік қаупін азайтады: осы мәліметтерге ие бола отырып, ол ақша-несиелік саясатын мемлекеттің ақша қажеттіліктерін немесе олардың артық мөлшерін ескере отырып жүргізеді. Өзара келісу екі мемлекеттік мекеменің қарыз қаражаты үшін бәсекелес болып, өтімділікті сарқып, немесе инвестициялық нарықта бәсекелес болып, оны өтімділікпен толтыра отырып, нарықты соқыр етпейтініне кепілдік береді. Барлық артық ақшаны қысқа мерзімді қағаздарға инвестициялау орталық банктің меншікті ақша ағындарын болжауды және өтімділікті басқаруды жеңілдетеді, өйткені барлық мемлекеттік өтімділік бірден нарыққа оралады.

Депозиттер: Коммерциялық банктердегі депозиттер – бұл ақшалай қаражаттарды инвестициялаудың ең жылдам және қарапайым тәсілдерінің бірі, өйткені олар кепілмен қамтамасыз етілмеген (меншік құқығын есепке алу және қосымша кепілдік депозиттерін енгізу талап етілмейді), қысқа мерзімді құралдарға қарағанда өтеу мерзімі жоқ (автоматты түрде ұзарту мүмкін) және, әдетте, басқа нұсқалармен салыстырғанда жоғары табыс алуға уәде береді. Екінші жағынан, депозиттер алушы банктердің банкроттықтың несиелік

тәуекеліне ұшырайды, дефолт жағдайында ешқандай активтермен қамтамасыз етілмейді және көбінесе қаражатты бір күнге немесе өте қысқа мерзімге сақтау үшін қолданылады. Қаражатты бірнеше түрлі банктерге депозитке салу арқылы тәуекелдерді әртараптандыру несиелік тәуекелдерін көп деңгейлі бағалау және барлық контрагенттердің тұрақты мониторингі жағдайында жақсы стратегия бола алады. Өтімділікті басқарушылар бірнеше түрлі инвестициялық құралдарды (таңдау болған кезде) іске қоса алады, бұл инвестициялаудың уақыт горизонттарына және Үкіметтің тәуекелге бейімділігіне қарай тәуекел мен кірістіліктің арақатынасын реттеуге мүмкіндік береді.

Кері РЕПО: өтімділікті басқару арсеналындағы танымал инвестициялық құрал. Кері РЕПО мәмілелері басқа нұсқалармен салыстырғанда салыстырмалы кемшіліктерге ие, бірақ сонымен бірге олардың бір артықшылығы бар: олар кепілмен қамтамасыз етілген. Осылайша, контрагентпен байланысты тәуекелдің орнына үкімет кепілдік эмитентінің несиелік тәуекеліне ұшырайды (ол көбінесе өзі болады). Кепілмен қамтамасыз етуді басқару жұмысты қиындатады (және құнын арттырады), ал осы құралдың салыстырмалы түрде төмен тәуекелі кірістіліктің төмендеуіне әкеледі. Несиелік тәуекелдерге тұрақтылықты ескере отырып, мұндай құралдарға инвестициялау мерзімі ұзағырақ болуы мүмкін - бірнеше аптадан 1-3 айға дейін. Үкімет мәміле жасайтын өтімділік тәуекелі, әдетте, мемлекеттік бағалы қағаздар рөлінде болатын қамтамасыз ету өтімділігімен анықталады.

Бұдан басқа, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақшалай қаражатын ЕДБ депозиттеріне орналастыру, сондай-ақ МБҚ сатып алуды акциялар пакетіне иелік ететін мемлекеттік органдар мен ЖАО-ның келісімімен жүргізу қажет, өйткені КСС-тің түпкі бенефициарлары мемлекет болып табылады. Осындай операциялар мемлекеттік кепілдіктермен, мемлекеттік жеке әріптестік шарттарымен қатар Орталық мемлекеттік органда тіркелуі тиіс. Бұл ретте келісім рейтингтік банктер бойынша берілуі тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды және халықаралық тәжірибені ескере отырып, бұл механизмнің артықшылықтары айқын деп қорытынды жасауға болады. Бұл бюджеттің қасалық қызметін жоспарлау сапасын жақсарту, бюджет шоттарындағы қалдықтарды жедел басқару және БҚШ өтімділігін қамтамасыз ету. Мұндағы мақсат - Үкімет уақытша талап етпеген бюджет қаражатының экономикаға жұмыс істеуі. Банктерге БҚШ уақытша бос қаражатын орналастыру өте пайдалы және нарықтың өтімділігін қолдаудың қажетті құралы болуы мүмкін. Мемлекеттік қаржы жүйесіндегі өтімділік пен тиімділікті басқару тетіктерін жетілдіруге байланысты мәселелерді қарау кезінде ұзақ уақыт бойы мемлекеттің бюджет саясатын оңтайландыру жөніндегі тиімді шешімдер пысықталған, нарықтық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін пайдаланған жөн. Алайда іс жүзінде Бірыңғай қазынашылық шоттың өтімділігін тиімді басқаруды жүзеге асыру жай ғана емес, бұл бюджеттік төлемдер жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне күрделенді. Сонымен қатар, бюджеттік төлемдер жүйесін реформалау, сайып келгенде, елдің мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару

процестерінің тиімділігін арттыруға ықпал етуі тиіс. Бұдан басқа, Үкімет бюджетке тартатын қарыз қаражатының көлемі қысқартуға, мемлекеттік борыш деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету және мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында қаржы нарығына қатысушылардың барлығында бюджет қаражатына деген ерекше қастерлі және жауапты қатынас болуға тиіс.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе зерттеу жұмысымда бюджеттік өтімділікті жетілдіру бойынша ақпараттар сараланып, оны тежейтін факторлар, жетілдіру жөнінде

ұсыныстар, уақытша бос ақша қаражаттарын тиімді пайдалану. Сол мақсатта келесідей жұмыстар жүргізілді.

Жалпы өтімділік пен бірыңғай қазынашылық шот жөнінде негізгі түсініктер берілді. Себебі біздің елдің қаржы саласында бұл әлі толық ашылмаған термин десекте болады. Әдеби шолу кезеңінде Бірыңғай Қазынашылық шоттың маңызды көрсеткіші, өтімділігі болып табылатынына көз жеткіздік. Бірыңғай шоттың өтімділігі - белгілі бір мерзім төңірегінде мемлекеттік басқару секторында уақытылы төлеуді жүргізе алу қабілеті.

Бірыңғай Қазынашылық шоттың еркін қалдықтарымен таргеттеу операцияларының тиімді түрде жұмыс жасауы үшін негізгі шарт белгілі бір уақытта ақша қаражатын төлеу қажеттілігін айқындау үшін қажетті мемлекеттік басқару секторының мониторингі болып табылады. Ол өз кезегінде ақшалай қаражаттың нақты қозғалысын ескеру керек, бұл кассалық алшақтықтарды болжауға және тиісінше бюджеттің атқарылуының бұзылуын табуға және болдырмауға мүмкіндік береді.

Әлемдік практика қаржы нарығында уақытша бос бюджет қаражатын орналастыру нарық талап ететін шарттарда қаражат беру есебінен бюджет кірістерін ұлғайтуға, екінші жағынан – әрқайсысы қаржы нарығының конъюнктурасына байланысты пайдаланылатын қаржы құралдарының шектеулі шеңберіне байланысты бюджет кірістерін толық алмау тәуекелдерін азайтуға бағытталғанын көрсетеді. Мұндай операцияларды жүргізу БҚШ-да бос қалдықты ұлғайтуға, нарықта талап етілмеген бюджет қаражатын орналастыру есебінен қосымша кіріс алуға, осылайша бюджеттің өтімді позициясын арттыруға ықпал етеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл ұлттық экономикаға оң әсер ететін бюджет қаражатына тиімді салым.

Шетелдік тәжірибе өтімділікті басқаруда жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктер – бірыңғай шотта ақша қаражатының қажетті ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету және қаражаттың уақытша бос қалдықтарын орналастыру есебінен бюджеттің қосымша кірістерін алу, сондай-ақ тәуекелдерді бақылауға мүмкіндік беретінін көрсетті. Көптеген экономикалық дамыған елдерде қазынашылықтан басқа Бірыңғай шоттың өтімділігін басқаруға және мемлекеттік борышты басқаруға тікелей жауап беретін мамандандырылған ұйымдар бар. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей бірыңғай қазынашылық шоттың уақытша бос ақша қаражаттарының орналастырудың тиімді механизмдерінің болуы. Атап айтқанда Ресей, Финляндия, Корея, Венгрия елдерінің мемлекеттің қаржысын тиімді басқарудағы озық тәжірибесі және уақытша бос ақша қаражаттарын банктерге орналастырудан қомақты қаражат түскендері, осының бәрі елімізде қолдану мүмкіндігін бар екенін дәлелді көрсетеді. Қазынашылық жүйесіндегі өтімділікті басқару қарызды басқарумен пара-пар екенін көрсетеді. Осындай операцияларды жүргізу БҚШ-дағы бос қалдықты көбейтуге, нарықта бюджет қаражаттарын орналастыру есебінен қосымша табыс алу арқылы бюджеттің өтімді позициясын ұлғайтуға септігін тигізеді дедік.

Сонымен қатар еліміздегі бюджеттік басқару жай-күйіне тоқтап уақытша бос ақша қаражатын орналастыру және мониторинг жасау кезеңдеріне баға

бердік. Мәселен, жыл басындағы мақсаттарға бөлінгеннен кейін қалған бюджет қаражатының қалдықтары бюджет қаражатының бос қалдықтары болып табылады. Осы қалдықтың көп мөлшерде болуы банк депозиттеріне орналастыру арқылы бюджеттің өтімді позициясының болуын көрсетеді. Ал бұл өз кезегінде экономикада оң ықпалын береді. Ұлттық банкте республикалық және жергілікті бюджеттердің уақытша бос ақшасын орналастыруының аз мөлшерде болуы, өз алдында оның мөлшерін көбейту жөнінде сұрақ тудыртады.

Қолма-қол бақылау шотындағы ақша қаражаттарының қалдығына анализ жүргізе отырып, қалдық мөлшерінің жоғары деңгейін байқаймыз. Республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотындағы ақша қалдықтары, жергілікті бюджеттің қалдықтарының салыстырмалы түрде көп мөлшерді көрсетіп отыр. Ал бұл өз кезегінде қалдық лимитін көрсетіп, сол арқылы қаржылық құралдарды қолдану арқылы белгілі бір кіріс деңгейіне жетуге болатыны көрсетеді.

Тағы да бір өзекті зерттелген мәселелердің бірі ол еліміздің мемлекеттік және үкіметтік борыш деңгейі және оларды өтеуге және қызмет көрсетуге шығыстары. Бүгінгі күнде жыл сайынғы ішкі мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстар талдау көрсеткендей бюджетке ауыр ауыртпалық түсіреді. Өзге дамыған елдерде сыртқы қарыз алу бюджетті тиімсіз пайдалану деп баға береді. Сол себепті ұсынылған қаржылық инструменттерді қолдану әдістері аз да болсын жүктеменің азаюына ықпал етеді деген игі сенімдемін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және халықаралық тәжірибені ескере отырып, бұл механизмнің артықшылықтары айқын деп қорытынды жасауға болады. Бұл бюджеттің кассалық қызметін жоспарлау сапасын жақсарту, бюджет шоттарындағы қалдықтарды жедел басқару және БҚ өтімділігін қамтамасыз ету. Бұдан басқа, Үкімет бюджетке тартатын қарыз қаражатының көлемі қысқаруда, бұл мемлекеттік борыш деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету және мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында қаржы нарығына қатысушылардың барлығында бюджет қаражатына ерекше қастерлі және жауапты қатынас болуға тиіс.

Бюджеттік шектеулердің күшеюі жағдайында мемлекетеміздің қазынашылық жүйесінің дизайнын өзгерту әлеуметтік қаржы ағындарын ұлттық экономиканың ең перспективалы салаларын дамытуға, қоғамдық-күқықтық құрылымдардың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдерін азайту және елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін стратегиялық маңызы бар бағдарламаларды жүзеге асыруға бағыттауға мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде, бірыңғай шотқа шоғырландырылатын бюджеттік өтімділіктің үлкен көлемі қазынашылықтың жауапты және теңгерімді шешімдерін, соның ішінде осы мақсаттар үшін қолданылатын қаржы құралдарының шеңберін кеңейтуді талап етеді. Дәл осы жағдайда бюджеттік өтімділікті шоғырландыру шығындары еліміз және оның өңірлері үшін маңызды мультипликативті әлеуметтік-экономикалық әсерлердің оң көзі ретінде дамуын қамтамасыз етеді.

### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдау 31 қаңтар 2017 жыл // Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // <https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses>

[of\\_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kanta\\_r](#) (қаралған уақыты: 08.01.2021).

2 Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі: Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 2019. - URL: [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs) (қаралған уақыты: 14.02.2021).

3 Прокофьев, С. Казначейская система исполнения бюджета // Финансы. – 2012. – №6. – Б. 54-55. URL: <https://roskazna.gov.ru/inayadeyatelnost/publikacii/detail.php?id=639818> (қаралған уақыты: 09.02.2021).

4 Қазақстан Республикасының Қазынашылық жүйесі: Pempal казначестволық қоғамдастықтың ресми сайты, 2021. - URL: [https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash\\_management\\_hungary\\_no\\_ve\\_mber\\_2018\\_gus.p](https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash_management_hungary_no_ve_mber_2018_gus.p) (жүгінген күні : 11.04.2021).

5 Ликвидность бюджета: «Казахстанская правда» республикалық газетінің ресми сайты, 2019. – URL: <https://kazpravda.kz/articles/view/likvidnost-budzheta> (жүгінген күні : 04.19.2021).

6 Глушакова, О.В. Формирование нового дизайна казначейской системы России в контексте повышения эффективности управления бюджетной ликвидностью // Бюджетно-налоговая система. – 2017. – №23. – Б.2782-2785. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-novogo-dizayna-kaznacheyskoj-sistemy-rossii-v-kontekste-povysheniya-effektivnosti-upravleniya-byudzhethnoy-likvidnostyu> (жүгінген күні : 04.15.2021).

7 Акперов, И.Г. Ресей Федерациясындағы бюджетті атқарудың қазынашылық жүйесі. – Москва: Кнорус, 2010. – 134 б.

8 Tandberg, E. Treasury System Design: IMF Working Paper, 2005. – P.1–28. URL:<https://www.imf.org/en/Publications/WP/Issues/2016/12/31/Treasury-System-Design-A-Value-Chain-Approach-18410>(жүгінген күні : 10.03.2021).

9 Глушакова, О.В. Әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі өмір сапасын қамтамасыз ету процестерін Қоғамдық басқару. – Новосибирск: САФБД, 2012. –454 б.

10 Прокофьев С.Е., Саранцев, В.Н. Федералдық қазынашылықтың бірыңғай қазынашылық шоты: жағдайы мен болашағы // Қаржы және несие. – 2010. – № 11. – Б.5-6. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/edinyy-kaznacheyskiy-schet-federalnogo-kaznacheystva-sostoyanie-i-perspektivy> (жүгінген күні : 21.03.2021).

11 Дроздов, О. Перспективы перехода к управлению ликвидностью единого счета федерального бюджета // Бюджет. – 2008. – №3. – Б.26-29. URL: <http://bujet.ru/article/33760.php> (жүгінген күні : 17.03.2021).

12 Шубина, Л. Финляндия қазынашылығы: құрылымы, функциялары, міндеттері // Бюджет. – 2009. – №11. – Б.35-37. URL:<https://roskazna.gov.ru/inaya-deyatelnost/publikacii/detail.php?id=639706>(жүгінген күні : 13.03.2021).

13 Ситнова, И.В. Қазіргі Ресейдегі институционалдық өзгерістерге психикалық шектеулер // Қоғамдық пікірді бақылау. – 2011. – №3. – Б.18-29. URL :[\(https://wciom.ru/fileadmin/file/мониторинг/2011/103/2011\\_\(103\)\)](https://wciom.ru/fileadmin/file/мониторинг/2011/103/2011_(103)) (жүгінген күні : 01.04.2021).

14 Сумма на казначейском счете должна быть минимальной: «Россия сегодня» Халықаралық информациялық агенттігінің ресми сайты, 2013. – URL: <http://ria.ru/interview/20120409/621652050.html#ixzz2M6lh3lbt> (жүгінген күні : 16.03.2021).

15 Управление ликвидностью в государственном секторе Венгрии: роль агентства по управлению государственным долгом: Pempal казначестволық қоғамдастықтың ресми сайты, 2021. - URL: [https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash\\_management\\_hungary\\_november2018\\_rus.p](https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash_management_hungary_november2018_rus.p) (жүгінген күні : 21.04.2021).

16 Артюхин, Р.Е. Миссия Казначейства России – хранить государственную казну // Финансы. – 2012. – №12. – Б. 3-9. - URL: [http://library.khsu.ru/cgi-bin/irbis64r\\_12/cgiirbis\\_64.exe?LNG=&Z21ID=&I21DBN=SKS&P21DBN=SKS&S21STN=1&S21REF=10&S21FMT=fullwebr&C21COM=S&S21CNR=20&S21P01=0&S21P02=1&S21P03=A=&S21STR=%D0%90%D1%80%D1%82%D1%8E%D1%85%D0%B8%D0%BD,%20%D0%A0.%20%D0%95](http://library.khsu.ru/cgi-bin/irbis64r_12/cgiirbis_64.exe?LNG=&Z21ID=&I21DBN=SKS&P21DBN=SKS&S21STN=1&S21REF=10&S21FMT=fullwebr&C21COM=S&S21CNR=20&S21P01=0&S21P02=1&S21P03=A=&S21STR=%D0%90%D1%80%D1%82%D1%8E%D1%85%D0%B8%D0%BD,%20%D0%A0.%20%D0%95) (жүгінген күні : 16.03.2021).

17 Коммерциялық банктердің өтімділігін бағалаудың шетелдік тәжірибесі: Банковское дело ресми сайты, 2009. - URL: <http://www.banki-delo.ru/2009/12/зарубежный-опыт-оценки-ликвидности> (жүгінген күні : 26.04.2021).

18 Дроздов, О. Перспективы перехода к управлению ликвидностью единого счета федерального бюджета // Бюджет. – 2008. – №3. – Б.26-29. URL: <http://bujet.ru/article/33760.php> (жүгінген күні : 17.03.2021).

19 Качурина, М., Мерзлова, М. Өңірлік бюджеттердің кірістерін қалыптастыру: теңгерімділік проблемалары // Вестник Института экономики Российской академии наук. – 2013. №3. – Б. 70–78. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-dohodov-regionalnyh-byudzhetov-pro-blemy-sbalansirovannosti> (жүгінген күні : 17.03.2021).

20 Modernizing Cash Management Technical Notes and Manuals, International Monetary Fund: [сайт], 2021. - URL: <https://www.pempal.org/sites/pempal/> (жүгінген күні : 19.04.2021)

21 Коммерциялық банктердің өтімділігін бағалаудың шетелдік тәжірибесі: 2009. - URL: <http://www.banki-delo.ru/2009/12/зарубежный-опыт-оценки-ликвидности> (жүгінген күні : 26.04.2021).

22 Качурина, М., Мерзлова, М. Өңірлік бюджеттердің кірістерін қалыптастыру: теңгерімділік проблемалары // Вестник Института экономики Российской академии наук. – 2013. – №3. – Б.70–78. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-dohodov-regionalnyh-byudzhetov-pro-blemy-sbalansirovannosti> (жүгінген күні : 17.03.2021).



23 Иохансен, Л. Линдал ұсынған мемлекеттік шығындарды анықтау теориясы туралы кейбір ескертпелер // Экономикалық мектеп, 2004. – Б.377–391.

24 Қазақстан Республикасының Қазынашылығы: [сайт], 2021. - URL: [https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash\\_management\\_hungary\\_november\\_2018\\_rus.p](https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash_management_hungary_november_2018_rus.p) (жүгінген күні : 11.04.2021).

25 Андраш, Р. Управление ликвидностью в государственном секторе Венгрии: роль агентства по управлению государственным долгом: [сайт], 2021. - URL: [https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash\\_management\\_hungary\\_november2018\\_rus.p](https://www.pempal.org/sites/pempal/files/1.2.cash_management_hungary_november2018_rus.p) (жүгінген күні : 21.04.2021).

26 Absattarov, R.B. Comparative political method: the nature and types // Вестник Издательство «Ұлағат». – 2017. – №5. – Б.3-6. URL: <http://rmebrk.kz/journals/4042/48563.pdf> (жүгінген күні : 21.04.2021).

27 Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Е.Қ.Жамаубаевтың ҚР Үкіметі отырысындағы баяндамасы: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты, 2021. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/154799?lang=ru> (жүгінген күні : 07.04.2021).

28 03.12.19 – 02.12.20 жылдар аралығындағы ақша қаражатының қалдықтары туралы мәліметтер: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитетінің ресми сайты, 2021. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazyna> (жүгінген күні : 04.04.2021)

29 Мемлекеттік борыш: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты, 2021. - URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/activities/261?lang=ru> (жүгінген күні : 03.04.2021).

30 Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі // [http://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095_) (жүгінген күні : 03.04.2021).

31 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығының ағымдағы жай-күйі: 2021. - URL: <https://www.finreg.kz/cont/> (жүгінген күні : 25.04.2021).

32 Өтімділік буферін таргеттеу, әріптес компаниялар тобының, мемлекеттік облигациялар нарығына қатысушылардың зерттеулерін талдау: [сайт], 2014. - URL: <http://pubdocs.worldbank.org/en/361801442253296095/FS-Gemloc-PGD-May-6-2014-Survey-Analysis.pdf> (жүгінген күні : 29.04.2021).

33 Моргунов, В.И., Власов, С.А. Ресейдегі Мемлекеттік басқару органдарының шоттарындағы қаражат қалдықтарын басқару туралы // Ақша және кредит. – 2013. – №2. – Б.48–52.

## Қосымша А

### Бірыңғай Қазынашылық шоттағы ақша қалдықтары

Мерзім	03.12.2019	05.01.2020	03.02.2020	02.03.2020	04.05.2020	01.06.2020	03.08.2020	30.09.2020	02.12.2020
Республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары	395 256 186	68 135 455	99 239 776	29 084 442	27 853 973	51 461 680	11 196 988	3163301.098	267 693 756
Жергілікті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары	281 416 793	118 666 707	269 735 621	344 719 151	450 690 948	514 936 577	589 238 816	702790945.9	653 023 940
Бюджеттегі қалдық ақшаның жиынтығы (ҚБШ)	676 672 978	186 802 162	368 975 397	373 803 593	478 544 921	566 398 257	600 435 804	705954247	920 717 696
Республикалық бюджеттің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотындағы ақша қалдықтары	86 759 194	58 067 225	77 893 090	84 435 900	91 996 556	108 012 513	79 215 202	77042424.88	64 392 613
Жергілікті бюджеттердің квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шотындағы ақша қалдықтары	51 759 144	49 104 514	48 889 137	49 018 645	51 011 775	85 941 371	73 733 374	67547266.91	59 289 307
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары	216 680	0	441 410	495 081	-1 809 208	5 887 822	162 322	27170.919	3 423 054
Еуразиялық экономикалық одағының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қалдықтары	791 971	924 714	813 392	490 313	1 205 065	989 265	919 475	1604487.135	1 129 132
Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолма-қол шотындағы ақша қалдықтары	981 350	560 638	68	49 018 645	0	0	0	0	0
ӘМСҚ трансферттердің қолма-қол шотындағы ақша қалдықтары	21 489	34 456 161	57 235 360	67 851 333	22 333 264	17 347 435	36 710 725	26660886.2	89 198 236
Басқа шоттар	73 293 929	64 786 792	60 689 969	13 191 985	75 176 293	94 324 703	127 137 843	115218172.1	130 808 524
Басқа да қалдық ақшаның жиынтығы (ҚБШ)	213 823 757	207 900 044	245 962 425	264 501 900	239 913 745	312 503 109	317 878 941	288100408.1	348 240 867
Барлығы (Бірыңғай қазынашылық шот)	890 496 736	394 702 207	614 937 821	638 305 494	718 458 665	878 901 366	918 314 745	994054655.2	1 268 958 563
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры, (шетел валютасы млн. АҚШ доллары)	59 705.60	61 940.80	61 232.8	61 131.8	60 200.0	58 286.3	58 075.6	55512.53751	57 897.6
Таза халықаралық резервтері (млн. АҚШ доллары)	28 175.70	28 545.50	28 609.7	29 406.9	30 024.4	31 024.3	34 786.4	33887.06164	31 994.2
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры (ұлттық валютада)	24 613 602 279	25 234 501 019	24 420 140 491	24 597 766 345	26 656 233 925	25 003 218 861	25 259 241 444	25404559709	25 803 861204
Ұлттық валютадағы жергілікті бюджеттердің депозиті	9 000 000	0	3 000 000	21 500 000	74 500 000	70 500 000	72 000 000	69500000	65 500 000

Дереккөз негізінде автормен құрастырылған [32].

## Аналитикалық жазбахат

Жоба авторы: Әнуаров А.Б.

Ғылыми жетекші: Бектурова А.Т.

Жоба идеясы	Бірыңғай Қазынашылық шоттағы ақша қалдықтарының өтімділігін тиімді басқаруда, бюджетке қосымша кіріс алу мақсатында бюджет қаражаттарын қаржы құралдарына орналастыру
Күрделі жағдай (кейс)	Бүгінгі таңда БҚШ-дағы бос ақша қалдықтарының көп мөлшерде болуы, жергілікті бюджеттің қалдықтың шекті деңгейі 118,67 млрд. көлемде, республикалық бюджеттің жылдың басындағы қалдық көрсеткіші 58,07 млрд теңгеден 108,01 млрд теңгеге дейін ұлғаю көрсеткішіне жеткен. ал бұл дегенімі ақшаның қалдығының жыл аяғында жоғары мөлшерде қалуын көрсетеді. Екінші мәселе бұл мемлекеттік және үкіметтік борыштарға қызмет көрсету бойынша шығыстардың көп мөлшері. Жыл сайын ішкі мемлекеттік борышқа қызмет көрсету бойынша шығыстар талдау көрсеткендей бюджетке ауыр ауыртпалық түсіреді.
Берілген мәселені қолданыстағы шешу тәсілдері	Мақсат-Үкімет уақытша талап етпеген бюджет қаражатының экономикаға жұмыс істеуі. Банктерге БҚШ уақытша бос қаражатын орналастыру нарықтың өтімділігін қолдау үшін өте пайдалы және қажетті құрал болуы мүмкін. <b>Біріншіден</b> , шетелдік агенттіктердің жоғары рейтингтері бар банктердің белгілі бір саны БҚШ-ның уақытша бос қаражатына қол жеткізе алады. <b>Екіншіден</b> , біз қысқа мерзімді кезең туралы айтып отырғанымызды түсінуіміз керек. Мысалы, бір күндік РЕПО операциялары 11%. Қазынашылық өтімділікті бір күнге, бір аптаға және т.б. бере алады, сол күні немесе бір аптада ең жоғары рейтингісі бар және алғашқы бестіктің қатарына кіретін банкте мұндай проблемалар туындауы екіталай, сондықтан ол қаражатты қайтара алмайды. Оның үстіне қайтару мерзімі басталған кезде Ұлттық банк Қаржы Министрлігінің тапсырмасы бойынша коммерциялық банктердің корреспонденттік шоттарынан қажетті қаражатты акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға міндетті болады.
Берілген мәселені шешудің ұсынылатын жолы	Басқару процестері мен рәсімдерін жетілдіруге бағытталған федералдық бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқаруға көшу ақша

	<p>қаражатымен қаржы нарығында ақша қаражатын қысқа мерзімді қарыз алу тетігін қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай механизмды енгізу мемлекеттік борышты басқару процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.</p> <p>Өтімділікті басқару тетігін енгізу нәтижесінде мемлекеттік қаражатты үнемдеу және бюджетті атқару процесінде басқару шығындарын азайтуға қол жеткіземіз. Кассалық қызмет көрсетудің қалыптасқан тәжірибесін назарға ала отырып бюджетті атқару, бюджеттің бірыңғай шотының құрылымы және қолданыстағы бюджет заңнамасының ерекшеліктері, бюджеттің бірыңғай шотының өтімділігін басқаруға көшуді мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыру ұсынылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бюджеттің ақша қаражатын басқару рәсімдерін жетілдіру және дамыту;</li> <li>2) мемлекеттік борышты басқару процестерін жетілдіру.</li> </ol> <p>Мүмкіндіктері: Әлемдік тәжірибе қаржы нарығында уақытша бос бюджет қаражатын орналастыру нарық талап ететін шарттарда қаражат беру есебінен бюджет кірістерін ұлғайтуға, екінші жағынан, әрқайсысы қаржы нарығының конъюнктурасына байланысты пайдаланылатын қаржы құралдарының шектеулі шеңберіне байланысты бюджеттің кірістерді толық алмау тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталғанын көрсетеді.</p>
<p><b>Күтілетін нәтиже</b></p>	<p>Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып және халықаралық тәжірибені ескере отырып, бұл механизмнің артықшылықтары айқын деп қорытынды жасауға болады. Бұл бюджеттің кассалық қызметін жоспарлау сапасын жақсарту, бюджет шоттарындағы қалдықтарды жедел басқару және БҚ өтімділігін қамтамасыз ету. Бұдан басқа, Үкімет бюджетке тартатын қарыз қаражатының көлемі қысқаруда, бұл мемлекеттік борыш деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету және мемлекеттің мүдделерін қорғау мақсатында қаржы нарығына қатысушылардың барлығында бюджет қаражатына ерекше қастерлі және жауапты қатынас болуға тиіс.</p>